

Тәуелсіздік күнін құтты болсын!

Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті

jambyltaraz_channel

jambyltaraz1996@gmail.com

www.z-taraz.kz



ҮМІТ ПЕН МЕЙІРІМ
МЕКЕНІ



«ЖЕЛТОҚСАН, 86» БІР КҮН ҒАНА
БАС СҰҒАТЫН ОРТАЛЫҚ ПА?



ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ
БОЛАШАҚ БЕЙНЕСІ

№98-99 (1908-09)
13 желтоқсан
2024 жыл,
жұма

JAMBULTARAZ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ



БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

ҚАЛАҒА ҚОСЫЛАТЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ



Құрмаш ҚАПТАҒАЙ

Бүгінде Тараз қаласының көкжиегі кеңейіп, тұрғындарының саны да жылдан-жылға артып келеді. Айталық, қазіргі таңда облыс орталығында 434 мыңнан аса адам тұрмыс кешуде. Ал «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңында «Облыс орталығындағы қала тұрғындарының саны 400 мыңнан асқан кезде қалада аудандар құрылады» деп нақты жазылған. Осының аясында қала дамуының жаңа Бас жоспары әзірленіп, шаһарда екі аудан құру қарастырылған болатын.

Бас жоспарға сәйкес, көне шаһарға Жамбыл, Байзақ аудандарынан аумағы 12,9 мың гектарды құрайтын, 45 701 халқы бар 14 елді мекен мен 2 саяжайды қосу нәтижесінде тараздықтардың саны 479 мыңнан асады деп жоспарлануда. Әрине, бұл жергілікті басқаруды едәуір оңтайлы етері анық. Алайда әр ауылдың әлі де шешілмей тұрған маңызды мәселелері бар екені белгілі. Сондықтан түйткілді түйінін дер кезінде тарқату аса маңызды. Соған байланысты Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков шаһар құрамына енетін елді мекендерді аралап, тұрғындарымен жүздесуде. Әуелі шаһар басшысы Байзақ ауданындағы Қызыл жұлдыз ауылына ат басын бұрды. Басқосуда қала әкімі алда тұрған ауқымды жоба-жоспарларды тілге тиек етті.

– Бүгінде облыс орталығының құрамына енетін елді мекендерде түйіні тарқатмай тұрған түйткілді мәселелер баршылық. Оларды шешу мақсатымен алдын ала жан-жақты зерделеу жұмыстары жүргізіліп, бірлескен жоба-жоспар әзірленуде. Енді сол бойынша тиісті жұмыстар қолға алынады. Әрине, ауылдар қалаға қосылғаннан кейін олардың инфрақұрылымы да соған сай болуға тиіс. Сондықтан ең әуелі ауылдардағы жолдардың жағдайын жақсарту, қоғамдық көлік санын көбейту, әлсіздік және денсаулық жағдайын жақсарту, спорт алаңшаларын салу ісіне басымдық беріледі. Біз үшін әрбір тұрғынның жайлы тұрмысы маңызды, – деген Бақытжан Әмірбекұлы жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді.

→ 2

ҚҰТТЫҚТАУ



Бабалар арманы ақиқатқа айналған ұлы күн

Құрметті Тараз қаласының тұрғындары! Сіздерді Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – егемен ел болуды аңсаған ата-баба арманы ақиқатқа айналған ұлы күн. Сондықтан да оның тағылымы терең, мазмұны зор. Әрине, азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел жадында мәңгі сақтау – қасиетті парызымыз. Олардың өшпес ерлігі бүгінгі және болашақ ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге болып қала бермек. Біз өткенді жадымызда ұстап, келешекке ұмтыла отырып, осыдан тура 33 жыл бұрын «Мәңгілік ел» құруға бағыт алдық. Айшықты азаттығымыздың арқасында еліміз жаңа белестерге қадам басты. Осы уақыт аралығында көптеген жетістікке қол жеткізіп, әлемдік өркениет көшінде өз орнымызды айқындадық. Елордамызды Алатаудың баурайынан Арқаның төсіне көшіріп, ерке Есілдің жағасына ел қондырдық. Бүгінде байтақ Отанымыз сан түрлі ұлт пен ұлыстың өкілдерін топтастырған береке мен бірліктің мекеніне айналды. Егемендік жылдары Тараз қаласының да көкжиегі кеңейіп, барлық салада ілкімді істер жүзеге асырылып келеді. Көне шаһардың келбеті жыл өткен сайын ашылып, көркіне сән қосатын еңселі нысандар бой көтеруде. Әлбетте, мұның барлығы тұғыры биік тәуелсіздігіміздің жемісі екені даусыз.

Қадірменді жерлестер! Баршаңызды айшықты мерекеміз құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық тілейміз! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміз ғұмырлы болып, көк Туымыз тек биікте желбіресін!

Бақытжан ОРЫНБЕКОВ,
Тараз қаласының әкімі

ШАЛҚЫМА

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТІ ҰҒЫМ ТАҢДАЙДАҒЫ

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Осы бір ауыз сөзді иелену жолында талай қазақ қан төгіп, жанын пида етті. Осының арқасында ғана еліміз бодандықтан босап, бостандыққа аяқ басты. Мұны білетін көпшілік бүгінде Тәңірге таубе деуден жалыққан емес. Қазірде күн астында көк тудың желбірегенін көрген жұртшылықта арман жоқ десек, қателеспейміз.



Биыл Қазақ елі тәңірі берген Тәуелсіздігінің, арайлы азаттығының отыз үшінші жылына қадам басып отыр. Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бағзы заманнан бері өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салықалы салтын сақтап қалғаны – еркіндік сүйгіштік жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сактардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

Жетпіс жыл бойы он бес кеңестік республиканы «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстаған КСРО-ның өткен ғасырда қалай күйрегені тарихтан белгілі. Сондықтан бұл деректерді қазір қайталап жату артық шығар. Ең бастысы, тоқсаныншы жылдардың басында әлем картасында Қызыл империяның орнында он бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. Содан кеңестік жүйенің бодандығынан босап шыққан республикалар

«кеңестік», «социалистік» деген атаулардан бас тарта бастады. 1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ның атауы «Қазақстан Республикасы» болып өзгертілді. Бірер күннен кейін, яғни 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жетінші сессиясында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылдады. Занның бірінші бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. «Ол өзінің жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізеді, басқа шет мемлекеттермен халықаралық құқықтық принциптер негізінде өзара байланыс жасайды» деп көрсетілді. «Республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, олар – республикадағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі.

→ 2

БӘРЕКЕЛДІ!

Таиланд корольдігінің Чиангмай қаласында түндігін түрген бокстан ерлер және әйелдер арасындағы Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. «Сары құрлықтың» үздік былғары қолғап шеберлері сынға түскен дүбірлі дода жамбылдық спортшылар үшін де зор табыспен аяқталды.

ӘЙГЕРІМНІҢ АЛТЫНҒА БЕРГІСІЗ ҚОЛАСЫ

Айталық, 48 келі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғаған жерлесіміз Әйгерім Сәттібаева Азия біріншілігінің қола жүлдесіне қол жеткізді. Осылайша, ұзақ жылғы үзілістен кейін спортқа қайта оралған бес баланың анасы, белгілі боксшы Олжас Сәттібаевтың зайыбы Әйгерім өзінің спорттық мансабында осымен екінші рет құрлық жарысында қола медалді иеленіп отыр. Ол, сондай-ақ Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы атанған.

– Бір ай оқу-жаттығу жиынына қатысып, үйде болған жоқпын. Осы уақыт аралығында бес



балана қарап, еш алаңсыз жаттығу жасауыма мүмкіндік берген әуелі Аллаға, сонан соң ата-әнеме алғысымды білдіремін. Әрбір жарыс алдында отбасымнан жігер аламын. Осы жолы балаларымды алтын жүздемен қуантқым келген еді, алайда бұйырғаны қола болды, еш өкінішім жоқ, – деді Ә.Сәттібаева жарыстан соң ағынан жарылып. Байрақты бәсекеде Қазақстанның әйелдер құрамасы 5 алтын, 5 қола медалді еншілеп, жалпы командалық есепте бірінші орынға жайғасты.

Аман ЕСЕН

ЖАЗЫЛЫМ - 2025

KAZPOST	Қала	6 АЙ	3 105 тг	12 АЙ	6 210 тг
	Ауыл	6 АЙ	3 105 тг	12 АЙ	6 210 тг
«Қыран Пресс»	6 АЙ	2800	12 АЙ	5600	
«Тараз Пресс»	6 АЙ	3105	12 АЙ	6210	
«Жамбыл Пресс»	6 АЙ	3000	12 АЙ	6000	
РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ	6 АЙ	2160 тг			
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:	12 АЙ	4320 тг			

Жазылым бөлімі: Жазылым индексі: 65605
45-62-65, 8 747 545 4566
KASPI.KZ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 544.66-550.16

USD/KZT 518.0-523.0

RUB/KZT 4.9-5.1

CNY/KZT 69.13-74.13

ҚАЛАҒА ҚОСЫЛАТЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Келесі кезекте тұрғындар көкейдегі сауалдарын жолдады. Мұндағы жұртшылықты бүгінде 3 көше бұрылысын орташа жөндеу, 16 көшеге жарық шамдарын орнату, ауылдық клубтың ғимаратын жаңғырту және тағы да басқа мәселелер толғандырады екен. Барлық сауалды мұқият тыңдаған шаһар басшысы әрбір мәселе назардан тыс қалмайтынын баса айтты.

Бұдан кейін Бақытжан Әмірбекұлы аталмыш ауданға қарасты Талас ауылына аялдады. Таластықтар өз кезегінде көшелерге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу, қоғамдық көлік мәселесі, ауысумен қамтамасыз ету, ауылдық клуб ғимаратын жаңғырту, көшелерді жарықтандыру, шағын футбол алаңшаларын салу секілді маңызды мәселелерді көтерді.

Сонымен қатар қала әкімі шаһар құрамына енетін Жамбыл ауданының Қаратөбе ауылдық округіне арнайы барып, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдады. Бектөбе және Қызылшарық елді мекендерінен құралған аталмыш округте қазіргі таңда 4,3 мыңнан астам адам тұрмыс кешуде.

Шаһар басшысы өз сөзінде мұндағы әрбір мәселемен жете таныс екенін ерекше атап өтті.

– Біз бұған дейін аудан басшыларымен, ауыл әкімдерімен бірнеше рет жүздесіп, зерделеу жұмыстарын жүргізіп, мәселелердің шешілу жолдарын жан-жақты қарастырдық. Сол бойынша қазір арнайы Жол картасы әзірленуде. Демек, осындағы жұртшылықты не толғандыратынын жақсы білеміз десем, артық емес. Расында, бүгінге дейін аудан әкімдігі тарапынан ауылдарды көркейту бағытында ілкімді істер жүзеге асырылғаны өздеріңізге мәлім. Оған өзге де алда тұрған жобалар жетерлік. Біздің міндетіміз – соларды орта жолда қалдырмай, аяғына дейін жеткізу. Елді мекен облыс орталығының құрамына енгеннен кейін оның тұрмысы да соған сай болуы керек. Қазақ «Келіспің пішкен тон келтпейсің» деген сөз бар. Сондықтан, келешекте бәріміз осы аумақты өркендету жолында бірлесу жұмыс істейміз деп сенемін, – деді Бақытжан Әмірбекұлы.

Бұдан соң тұрғындардың сауалдарына кезек берілді. Айталық, қаратөбеліктер Бектөбе ауылындағы – 36, Қызылшарық елді мекеніндегі 7 көшені жөндеу, ауыз су жүйесін жүргізу секілді маңызды мәселелерді алға тартты. Сондай-ақ 5 көшені жарықтандыру, электр желісі мен қосалқы станцияны жөндеу, мәдениет үйін жаңғырту, аталмыш нысанның материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша өтініш-тілектерін жеткізді.

Көне шаһар құрамына енетін елді мекендердің қатарында Жамбыл ауданының Жамбыл ауылдық округі де бар. Бүгінде тұрғындарының саны 5 605 адамды құрайтын округ Шайқорық, Тантау, Қоңырбөте ауылдары мен Шайқорық станциясынан құралады. Аталған округ тұрғындарымен кездескен шаһар басшысы әуелі алда тұрған ауқымды міндеттерге кеңінен тоқталды.

– Көне шаһарды көркейту бағытында атқарылған ілкімді істер аз емес. Енді қаланың көкжиегі бұрынғыдан да кеңейіп, жаңа елді мекендердің қосылуы жауапкершілікті одан әрі арттыра түседі.



Осы мақсатта әуелі облыс орталығына қатынайтын қоғамдық көліктердің санын көбейтуге басымдық беріліп отыр. Сондықтан, менің тапсырмаммен 2025 жылдың алғашқы жұмыс күнінен бастап елді мекендердің аумағына кіретін автобустардың бағыттарына қосымша өзгерістер енгізіліп, олардың саны артады. Ауылдардағы зираттарға қатысты мәселелер де бар. Бұл мәселе қазір қалада толығымен өз шешімін тапты. Енді келер жылдан бастап елді мекендердегі мазараттарды да қоршау жұмыстарын қолға аламыз. Қазір жер кезегіне байланысты да бірқатар сұрақ туындап отыр. Әрине, ұзақ жылдан бері жер кезегінде тұрған азаматтардың құқығы бұзылмайды. Бұл бойынша құзырлы органдарға арнайы сұрау жолданды. Олардың берген жауабына орай нақты шешім қабылданады. Ерекше екіні түсіре кетерлігі, арамызда ауыл шаруашылығы мақсатында бірнеше сотық жерді иеленіп отырған жандар жетерлік. Алдағы уақытта тұрғылықты мекенжайы қаланың шекарасына өткеннен кейін де олар жердің нысаналы мақсатын тұрғын үй салу үшін өзгерте алады немесе бұрынғыдай өз жер телімін пайдалануын жалғастыра береді. Сондықтан, «Кейін жеріміздің бір бөлігін мемлекет мұқтаждына алып қояды» деп алаңдауға еш негіз жоқ, – деген Бақытжан Әмірбекұлы тұрғындарды толғандырып маңызды сауалдарға тұшымды жауап қайтарды.

Бақытжан Әмірбекұлы Жамбыл ауданындағы 10,5 мыңға жуық тұрғыны бар Жалпақтаев ауылына да арнайы барды. Кездесу барысында қала әкімі округтегі мәселелер жіті зерделенгенін тағы да еске салды.

– Мұнда шешімі табылмай тұрған маңызды мәселелер баршылық. Бұған аудан басшыларымен бірлесу жүргізген зерделеу жұмыстары кезінде толығымен көз жеткізілді. Айталық, осындағы 18 көше орташа жөндеуді қажет етеді. Жоба құны – 247,6 млн теңге. Бұл жұмыстарды біз 2026 жылға жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ ауылға ауысу жүйесі жүргізілгенімен, 445 аула әлі күнге тіршілік нәрінің желісіне қосылмаған. Тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру арқылы осы

үйлерді ауыз су жүйесіне қосу қажет. Бұдан бөлек, 50 көшеге жарық шамдары орнатылмаған. Жалпы жоба құны 760,0 млн теңгені құрайды. Әрине, барлығын бір-ақ сәтте шешіп тастау мүмкін емес. Сондықтан, бұл жұмыстар кезең-кезеңімен өз шешімін табады, – деген Бақытжан Әмірбекұлы көпшілік көкейіндегі сан сауалға нақты жауап берді.

– Қазір көпшілікті «Қалаға қосылғаннан кейін жұмыссыз қалмаймыз ба, қысқартулар жүре ме?» деген түрлі ойлар мазалап жүргені жасырын емес. Өзбетте, мұндай мәселелердің көтерілуі орынды. Осы ретте ешбір салада қысқарту болмайтынын ашық айтуымыз керек. Себебі, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңына сәйкес, бекітілген жаңа Бас жоспардың аясында шаһарда екі аудан құрылады. Тісінінше, қос ауданда екі бірдей әкімдік жасакталады. Олардың әрқайсысына елді мекендерде халықпен тығыз жұмыс істеген, сол аумақтың жағдайын жақсы білетін білікті мамандар тартуды көздеп отырмыз. Сондықтан, ешбір маман назардан тыс қалмайды. Сол секілді білкім саласында да осы оқу жылы аяқталғанша ешқандай өзгеріс болмайды. Ал келер оқу жылының қарсаңында сынып жинақтары қала мектептеріне заңмен белгіленген талаптарға сәйкес қайта құрылады. Алайда бұл педагогтар мен олардың сағат саны қысқарыды деген сөз емес. Барлық қызметкер бұрынғыдай өз жұмыстарын жалғастыра береді. Дегенмен, ауыл мұғалімдеріне төленетін 25 пайыздық қосымша үстемесі қанша айынан бастап берілмейді. Бұл – заңда белгіленген норма. Сондықтан бұған түсіністікпен қарайсыздар деген ойдамын, – деді қала әкімі өз сөзінде.

Тұрғындар өз кезегінде елді мекендердегі өзекті мәселелерді көтеріп, қалайын өркендеуі жолында бірге жұмыс істеуге даяр екендіктерін жеткізді.

Айта кетерлігі, Тараз қаласының шекарасын (сызығын) өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 қарашадағы №1014 қаулысы қабылданған болатын. Енді бірер күннің ішінде Тараз қаласында 2 аудан құру туралы мәслихаттың шешімі қабылданады.

қойылды. Онда қатысушы командаларды волонтерлар мен қызметкерлер күтіп алып, тимбилдинг ойындарын ойнатып, қазақ халқының және Тараз қаласының тарихы, әдебиет, спорт, кино және тағы басқа салаларды қамтыған түрлі форматтағы тапсырмалар берді.

3 кезеңнен тұрған квест ойындарының қорытындысы бойынша І орынды Жамбыл облысының «Жастар рухы келешегі» командасы (500 мың теңге), ІІ орынды Түркістан облысының «Friends House», Алматы қаласынан «ІТК» командалары (300 мың теңге), ІІІ орынды Шымкент қаласынан «МТС» және Жамбыл облысынан «Ассамблея жастары» командалары (200 мың теңге) иеленді.

Ал интеллектуалды ойынға белсенді қатысып, ерекше көзге түскені үшін «Ой шебері» номинациясын Шымкент қаласынан келген «Қарман» командасы аласа, «Көрермен кезайымы» номинациясын Алматы облысынан «Болашақ» командасы, «Үздік талпыныс» номинациясын Алматы қаласынан «ТИПЕП» командасы, «Үздік команда» номинациясын Алматы облысынан «Бірлік» командасы не болып, 100 мың теңгеден ынталандыру сыйақылары берілді.

Сонымен қатар барлық командаларға ұйымдастырушылар тарапынан алғыс хаттар табысталды.

Арайлым ӘБДУЛШЕВА,
«Жаңа-Ру» жастар коалициясының
қауымдастығы»
ЗТБ жоба жетекшісі

ҚҰТТЫҚТАУ

ҰЛТЫМЫЗДЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

Күрметті Тараз қаласының тұрғындары және қала қонақтары!

Сіздерді еліміздің ең ұлық мейрамы – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – барша ел халқы ерекше қадірлейтін, өткеннен тағылым алып, келешекке байыпты қадам жасайтын маңызды сәт. Біз еркіндігімізді әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиіспіз. Бұл – біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз.

Мереке мемлекетіміздің еркіндігі мен күш-қуатының символы болып саналады. Тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз кен байтақ жеріміздің ұлы тарихын жаңа жетістіктермен жалғастырып,

ұлкен жеңістерге қол жеткізді.

Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Бүгінде баршамыз өз тарихи миссиямызды орындап, тәуелсіз, гүлденген, саяси тұрақты мекенде өмір сүреміз.

Қалдірменді жерлестер!

Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Атаулы күнде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін! Көк туымыз мәңгі желбірей берсін!

Кенжебек ОЛЖАБАЙ,
Тараз қалалық мәслихатының төрағасы

МӘДЕНИЕТ МӘЙГЕ

БАБАЛАР ДӘСТҮРІ ДӘРІПТЕЛДІ

Салт-дәстүр – ұлтың ғасырлар сұрлеуінен өткен оң тәжірибесі, алтын тамыры. Оны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – парыз.



Осыған орай Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Жамбыл облысының 85 жылдық мерекесіне орайластырылған «Дәстүр – қазынам» атты ұлттық дәстүр байқауы өтті.

Ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында ұйымдастырылған байқауға барлығы 5 топ қатысты. Олар байқау шартына сәйкес қазақтың дәстүрді насихаттап, ұмытыла бастаған қазақ әлемінің таныстырудан сыңға түсті.

Тартысты өткен бәсекеле Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Асқарбек Сейілхан, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүр насихатшысы Бақыт Шағырбаев, кәсіпкер, ұлттық тағамдарды насихаттаушы аспаз Қулазиха Әбдеева және Ш.Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының аға ғылыми қызметкері Мадияр Ералыұлы төрелік етті. Байқау

қорытындысы бойынша І орынды облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханадан ұйымдастырылған «Керуен» тобы иеленсе, ІІ орын облыстық айтқысқерлер орталығынан шыққан «Жүзжасар» тобына бұйырды. Ал жүлделі ІІІ орынға тараздық белсенді зейнеткерлерден құралған «Құда-құдағалар» тобы лайықты деп танылды. Сонымен қатар Тараз қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәрбиешілерінен құралған «Шұғыла» тобы – «Дәстүр» насихатшылары, облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлерінен құралған «Сәукел» тобы «Өнерлі ұжым» арнайы жүлдесімен марапатталды.

Байқауда жүлделі орыннан көрінген қатысушыларға арнайы диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТЕ.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТІ ҰҒЫМ ТАҢДАЙДАҒЫ

Республика азаматтары өздерінің ұлттына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын кызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады» делінген. Заңда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құруға халқы екендігі, республика азаматтарының әскери міндетін өтеу, оның тәртіптері мен талаптары жөнінде айтылған. Сөйтіп, 1991 жылғы 16 желтоқсан Қазақстанның тәуелсіздік күні ретінде бүкіл әлемге танылды.

Иә, Тәуелсіздік алғалы алпауыт мемлекеттермен нық тіреспіп, жер жаһанға «Қазақстан» ретінде танылды. Ал ұлан-ғайыр жеріміз әлем картасынан ойып тұрып орын алды. Дербестіктің нәтижесінде өзіндік дара да даңғыл жолымыз нықталды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып Түркия, сол сияқты АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және өзге де ірі мемлекеттер мойындады. Қазақстан шетелдерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашуға кірісті. Алматыда шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істей бастады. Республиканың егемендікке қол жеткен алғашқы кезінен бастап-ақ мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қою жүзеге асырылды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) кірді. Сонымен қатар, Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Тәуелсіздік жылдарында қол жеткен жетістіктеріміздің ең бағалысы – дербес мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. Ұлттық теңгеміз өмірге келді. Қаншама зауыттар, фабрикалар салынып, іске қосылып, қазір еліміз өз өнімін өндіруге қол жеткізіп отыр. Бұл да біздің тәуелсіздігіміздің арқасы.

Тәуелсіз даму кезеңінде ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты.

Халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік саясаттың нәтижесінде бізге өткен жылдар бердеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде ұлтаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді. Бұл – біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз. Өйткені бек тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қою аламыз.

Тәуелсіздік күні – халқымыздың мызғымас бірлігін айшықтайтын ұлық мейрам. Тәуелсіздік күні еліміздің азаттығын және жаңа тарихи кезеңде дербес даму жолына түскенін айгілейді. Біз осы мерейлі мерекеле халқымыздың бостандық туралы арманын ақиқатқа айналдыруға өлшеусіз ұлес қосқан ерлердің рухына тағзым етеміз.

Азаттықтың арқасында еліміз жаңа белестерге қадам басты. Тәуелсіздігін жериялағаннан кейін ғана Қазақстан дипломатиялық тұрғыдан мойындалып, халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде танылды.

Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Оны табысты әрі бақуатты мемлекеттің тірегі саналатын қастерлі құндылық ретінде көздің қарашығындай сақтау – ата-бабаларымыздың және келер ұрпақтың алдындағы қасиетті борышымыз.

Қазақстан стратегиялық бағытынан айнымай, мемлекеттік дәстүрін дәйекті түрде дамытып келеді. Барлық салада қолға алынған ауқымды өзгерістер сан ғасырлық төл шешіріміздің жаңа парағын ашты. Біз баршаға бірдей мүмкіндік беріп, өсіп-өркендеуге жол ашатын Өділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Қоғамда бірлік пен тұрақтылық, заң мен тәртіп, жауапкершілік пен ынтымақ, білімпаздық пен еңбекқорлық сияқты құндылықтар берік орнықса, осы мақсатқа қол жеткізетініміз анық.

Ғасырлар бойы армандаған азаттықты қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Азаттықтың таңы атқан осы 33 жылда Қазақстан талай белестерді бағындырды. Оның біразын жоғарыда атап өттік.

Иә, «артақта тастаған отыз үш жылдың ішінде не атқардық» деген сауал туса, тізбектеп сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ал бір мемлекетке жетерлік іс атқарылғаны айдан анық.

Еркін САЙЫН

«ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨСІНДЕ»

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының жобасы аясында Жамбыл облыстық «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі «Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу» атты жобаны жүзеге асыруда.



Осыған орай этнос өкілдері арасында ауызбіршілік пен достық қарым-қатынасты насихаттауға арналған «Туған жердің төсінде» интеллектуалды өңіраралық квест ойындары өтті. Шараға Жамбыл, Алматы, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларынан 10 команда қатысты. Ережеге сәйкес, әр команда құрамында 5 этнос өкілдері болды.

Квест ойындары «Достық үйі», «Қоғамдық келісім» КММ, Жамбыл облыстық Ш.Уәлиханов атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы және М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ғимараттарында өтті.

Әр бекітілген орынға бару үшін түрлі логикалық тапсырмалар мен интеллектуалды сұрақтар

ПЕДАГОГИКА

ИННОВАЦИИ КАК ПУТЬ К ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ

На современном этапе казахстанского общества важнейшими требованиями в системе высшего образования являются повышение качества знаний и формирование необходимых педагогических компетенций у студентов путём активного применения инновационных технологий, методов и методик преподавания, изучение передового зарубежного опыта, направленного на развитие исследовательских навыков и совершенствование критического мышления.

Для полнейшей реализации вышеуказанных требований 09.12.2024 году в Таразском университете имени М.Х.Дулати был организован и проведен научно-методический семинар с приглашением учителей-предметников и новаторов в своих отраслях В. Аваси и Д.Вамалва, работающих в АО «Назарбаев Интеллектуальные школы физико-математического направления» г.Тараз.

Следует отметить, что данный семинар был интересен как преподавателям, так и студентам

2-3- курсов ОП 6В01702- «Подготовка учителей по иностранному языкам», ОП 6В01706- «Подготовка учителей русского языка и литературы» факультета филологии и гуманитарных наук, так как он был полностью посвящен изучению и практическому применению интерактивных методов и форм критического мышления в образовательном процессе. Было уделено внимание и рефлексивной части. Организаторами семинара выступили ППС кафедр «Иностранные языки», «Русский язык и



литература», а именно: заместитель декана по НИР Якияев Н., старшие преподаватели Шамшиева А.Р., Жумагалиев Р.А., Мыханова Ж.Б., Игилюкова Г.И. Студенты получили исчерпывающие ответы на поставленные вопросы.

В заключительной части семинара гостям были вручены сертификаты и ценные подарки.

Надеемся, что такие семинары будут проводиться у нас часто и заинтересуют студентов, преподавателей своей содержательностью и целевой направленностью.

Равиль ЖУМАГАЛИЕВ,
Гульмира ИГИЛКОВА,
старшие преподаватели кафедры
«Русский язык и литература»

Таразского университета им. М.Х.Дулати





Б. НАРБАЕВ

Ұлт ұстазы Әл-Фарабиден: «Қай елді бақытты деп айтамыз?» – деп сұрағанда: «Мұқтаж адамы жоқ, кемтар жандарға қол ұшын беретін ел бақытты», – деген екен. Тағдырдың адам баласына тартар «сыйы» әртүрлі. Он екі мүшесінің сау болуын тілсмейтін жан жоқ екені хақ. Түрлі жағдайда денсаулығынан айырылып, мүгедектік қамытын кигендер үшін тіпті де қиын. «Адамның басы – Алланың добы». Жаратқан ием пешенеге не жазса, пенде байғұс соған көне береді. Көнгендіктен жүре береді. Көнбеске шарасы да жоқ.

Тағдыр тауқыметін тартқандар үшін көптеген игі шаралар қабылданып, жүйелі жұмыстар атқарылууда. Осындай жандар үшін арнайы құрылған орталықтардың маңызы зор. Тараз қаласындағы «№5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» КММ-де көрсетіліп жатқан қызмет пен жүзеге асырылып жатқан игілікті істерді көргенде Әл-Фараби бабамыздың жоғарыдағы сөзі еріксіз еске оралады.

Аталмыш мекеме 2014 жылдың желтоқсан айында Тараз қаласының оңтүстік-шығыс беткейінде «№1 Жүйке аурулар интернат-үйі» КММ болып жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Орталықтың негізгі міндеті – қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың даму деңгейін арттыру, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету.

– Орталық қызмет алушыларға үйдегідей ахуалға жетебабыл қолайлы жағдай жасайды. Биыл құрылғанына он жыл толған бұл орталықта тұратын азаматтарға әлеуметтік сала бойынша барлық жағдай жасалуда. Қызмет алушыларға психолог, әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар, еңбек терапиясы инструкторлары, дене шынықтыру және музыка мұғалімдері және мәдени ұйымдастырушы мамандар жұмыс, сапалы қызмет көрсетуге күш салуда.

Жүйке ауруларының тек ересектер ғана емес, балалар арасында да жыл өткен сайын көбейе түсуі әлемдегі денсаулық сақтау ұйымдарын да еріксіз алаңдатып отыр. Неврологиялық және туа біткен аурулардың бүлдірішіндердің арасында кең етек жая бастауы ойланпай қоймайды. Сондықтан аурудың алдын алу, диагностикалауды дер кезінде жүргізу, диагнозы қойылған сон науқасты уақытылы әрі сапалы емдеу – бұл саладағы күн тәртібінде тұрған маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі.

Мүмкіндігі шектеулі жандар 18 жастан кейін де назардан тыс қалмауы керек. Мемлекеттен берілетін қолдау, мүмкіндік, қаражат қысқармағаны абзал. Өйткені, емі жоқ, жазылмайтын дерті бар жандар кейде қараусыз, қоғамнан сырт қалады. Бұл – ата-анаға өте ауыр салмақ.

Мұның бір себебі оларға қажетті орта құрып, қамқорлық-қолдау көрсетудегі кемшіліктерден болса керек. Мемлекет басшысы өз Жолдауында бұл мәселені назардан тыс қалдырған жоқ. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «кедергісіз орта» қалыптастыруға зор мән берілуге тиіс екенін айрықша атап өтті.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау қалай жүзеге асуы керек? Бұл сауал арқашан күн тәртібінде тұрса да, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қамтамасыз ету және оларды қорғау мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты саналады. Қолдауға мұқтаж топтардың мәселелерін шешу қай кезде де бірінші кезектегі өзекті проблемалардың қатарында.

Жалпы орталықта стандартқа сәйкес 8 бағыт бойынша қызмет көрсетіледі. Атап айтсақ, бірінші бағыт – әлеуметтік-тұрмыстық, екінші бағыт – әлеуметтік-медициналық, үшінші бағыт – әлеуметтік-психологиялық, төртінші бағыт – әлеуметтік-педагогикалық, бесінші бағыт – әлеуметтік-еңбек, алтыншы бағыт – әлеуметтік-мәдени, жетінші бағыт – әлеуметтік-экономикалық, сегізінші бағыт – әлеуметтік-құқықтық.

Бұл сегіз бағыттың қызмет алушының қоғамдық өмірге қалыптасуына тігізер пайдасы орасан зор. Өйткені, біріншісі қызмет алушылардың күнделікті өмірде тіршілік етуі үшін, екіншісі денсаулықты жақсарту және қолдау болса, одан соңғысы қоршаған ортаға әлеуметтік бейімдеп, психологиялық жағдай түзеуге жәрдемі тиіс. Ал төртіншісі тұрмыстық жағдайға, білім алып, оқуға бейімдейді. Еңбек қабілетін қалыптастыру және еңбекке баулуға бесінші бағыт арналаса, әлеуметтік-мәдени шараларды ұйымдастыру және сондай шараларға тартуға алтыншы бағыт көмектесуде. Тұрмыс жағдайын жақсарту мен құқықтық статусын демеуге немесе өзгертуге, болмаса оларға зангерлік көмек көрсетуге жетінші және сегізінші бағыттар қызмет көрсетуде.

Барлық бағыт бойынша орталық ұжымы мұндағы әрбір қызмет алушы жанын спортқа, мәдени-танымдық ой-өрістерін кеңейтуге, көкейлеріндегі ашып айта білуге үйретеді. Бір сөзбен айтқанда, алған білімдерін әлеуметтік маңызды мақсаттарға жұмсауға үйдейді. Осындай игі мақсатпен мекемеде стандартқа сәйкес үйірмелер жұмыс атқарады, – дейді орталық директоры Балабек Нарбаев.

Мұнда қызмет алушыларды ыждағаттылыққа, тазалыққа баулу, өз-өзіне қызмет көрсетуін

ҮМІТ ПЕН МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басты саясатының бірі – халықтың әл-ауқатын арттыру. Еліміз қиын кезеңдерді бастан өткергенде Президент ең бірінші кезекте әлеуметтік саланың дамуына басымдық берді. Содан бері бұл сала қай уақытта да назардан тыс қалмай келеді. Иә, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көбірек көңіл бөлініп, қамқорлық көрсетілуге тиіс. Бұл – бәріміздің қоғам алдындағы парызымыз.

жетілдіру, жаны жаралы жандардың өмір сүруге деген құлшынысын оятып, дүниетанымын кеңейту, әдемілікке тарту, еңбек ету қабілетін арттыруда әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар, дәрігерлер, психолог, еңбек терапиясы нұсқаушылары секілді мамандар еңбек етеді.

Олар қызмет алушыларға тек медициналық және оңалту шараларын жүргізумен шектелмейді. Одан бөлек, ғимарат ішін жарымжан жандарға отбасындағыдай жағдай қалыптастырып, жылылық, әдемілік, көтеріңкі көңіл күйін сыйлайтындай етіп безендірумен айналысады. Оған орталық жұмысымен танысу барысында көз жеткіздік.

– Бізге келетін адамдар – қиын ахуалдағы, тағдырдың жазуына бас иген жандар. Сондықтан мамандарымыз олардың әрқайсының ерекшеліктеріне сәйкес арнайы жоспар бекітіп, сол бойынша жеке-жеке жұмыс істейді. Қызмет алушыларымыздың әр сағаты, әр сәті жоспарланған. Таңертең арнайы жаттығулар жасаумен басталатын әр күн түрлі ем-шараларға толы. Олардың қимыл-қозғалысын дамыту мақсатында мамандарымыз уақытпен санаспай қызмет етеді. Әсіресе, еңбек терапиясының маңызы зор. Бұл мақсатта сурет салып, қолөнермен айналысудың пайдасы мол, – дейді орталық директоры.

Расында, ғимарат іші колөнер туындыларына толы. Қабырғаларда ілулі тұрған түрлі картиналар, ою-өрнектер, ағаштан жасалған сан алуан мүсіндер еріксіз көз тартады. Осындай керемет дүниелердің қызмет алушылардың қолынан шыққанын естігенде, тіпті таңғаласын. Өйткені, барлығы сондай шынайы, әдемі. Бұл «Мейірім», «Қарлығаш», «Үміт», «Шапағат», «Ізгілік», «Ақниет», «Жаншуақ», «Дағдарыс», «Паллиатив» және «Қабылдау бөлімі» деп аталатын он бөлімдегі игілікті істер ілкімді екенін анық көрсетіп тұр.

Көңілді осындағы жарымжан жандарға жасалып жатқан жақсылықтар толқытты. Қалай дегенде де жүйке аурулары орталығындағы тұрғындар бастарына түскен тағдыр талқысына мойымай, барлық мәдени шараларға атсалысып, өзге де орталықтардағы жандарға қайырымдылық концерттерін беріп, белсенділік танытууда.

«№5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» КММ-нің ауласы гүлзармен көмкерілген. Осында қызмет ететін ақ желенді абзал жандар науқастарға әрдайым жүрек жылуын сыйлайды. Орталықта тұратын қызмет алушыларға әлеуметтік сала бойынша барлық жағдайлар жасалуда. Қызмет алушыларды пайдалы қоғамдық еңбекке тартуға психолог, әлеуметтік қызмет көрсету мамандары, еңбек терапиясы нұсқаушылары, дене шынықтыру және музыка мұғалімдері мен мәдени ұйымдастырушы мамандар сапалы қызмет көрсетуге күш салуда.

Еңбек терапиясы бағытында мұнда тігін және ағаш шеберханасы жұмыс істейді. Әйелдер жағы құрақ құрап, кесте тігіп, тоқыма тоқыса, ерлер ағаштан түрлі бұйымдар, мүсіндер жасайды. Арнайы асхана да бар. Онда әйелдер жағы түрлі тәттілер пісіріп, ас дайындайды. Әрине, бұл тірлікші барлығы қызметкерлердің көмегімен жасалады.

Әлеуметтік-медициналық, психологиялық қызметтер дәрігердің нұсқаулығымен әр адамның жағдайына қарай жүргізіледі. Қимыл-қозғалысынан айырылған адамдар үшін массаж, басқа да қалпына келтіретін ем-шаралар тағайындалады. Орталықта арнайы күтімді қажет ететін азаматтарға арналған заманауи қондырғылар да аз емес. Сонымен қатар физиотерапия бөлімінде сумен, қотпен, жылумен емдеу де жолға қойылған.

Орталықтың өз бау-бақшасы да бар. Қызмет алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, еңбекке деген құлшынысын ояту мақсатында онда қияр, қызанақ, асқоқ, қызылша, құлпынай, қырыққабат секілді жеміс-жидек пен көкөністер егіледі.

– Бұл жер шағын ауыл секілді. Мұндағы аула ішіндегі шаруашылықта негізінен өз қызметкерлеріміз бен қызмет алушыларымыз еңбек етеді. Өз қолымен ескен өнімдерін өздері пайдаланады. Бұл да қызмет алушылардың қимыл-қозғалысының жақсаруына септігін тигізетін сөзсіз. Жемістер мен түрлі саялы ағаштар да, гүлдер де егілді. Тауық, қаз, қоян секілді қолға үйретілген жан-жануарларды да ұстап, күтіп бағамыз, – дейді орталық директоры Балабек Нарбаев.

Орталыққа келгенде ауласынан бастап ғимарат ішіне енгенге дейін жанға жайлы жылылықты сезесің. Тап-таза, неше түрлі гүлдермен көмкерілген. Мұнда қызмет алушылар отырып, демала алады. Қажет кезінде орталыққа көмек қолын созатын демеушілері де бар екенін айта кету керек.

Орталық жұмысына қызмет алушылар дән риза. Мұны олармен әңгімелесу барысында байқадық. Орталық ашылғанда алғаш болып түскен жан әлі де мұнда ем қабылдауда.

– Орталықтағы жағдайымыз жақсы. Ем-шараларымызды уақытылы аламыз. Қызметкерлер де кішіпейіл, қарапайым жандар. Көңілімізді бағып, әрдайым жанымыздан табылады. Біз секілді ерекше жандарға барлық жағдай жасалған, – дейді ем алушы.

Осындай қам көңіл жанның бірі Ш.Быкеева есімді азаматша да орталықтың қызметіне көңілі толатынын жеткізді.

– Мен төрт жылдан бері осы жерде қызмет алып

келемін. Бұл жердің ем-домы ұнайды. Барлық жағдай жасалған. Мамандары да білікті, өз ісіне адал жандар. Орталықта біз тек медициналық көмек алумен шектелмейміз. Сонымен бірге мәдени шаралар да көптеп өткізіледі. Менің хоббиім – колөнермен айналысу. Бұл жерде қызыққан ісімнен айналысуға еш шектеу жоқ. Керісінше, білігінді дамытуға мүмкіндік мол. Орталық қызметкерлеріне алғысым шексіз, – дейді ол ағынан жарылып.

Кейіпкеріміз айтқандай, бұл жерде мәдени қызмет те жақсы жолға қойылған. Мұнда қызмет ететін әр маманның жауапкершілік жүгі ауыр. Өйткені, жарымжан жандардың бабын табу, көңілінен шығу, өмір сүруге деген құлшынысын арттыру оңай емес. Бұл жерде тек өз кәсібін сүйетін, сабырлы, жүрегі мейірімге толы жандар еңбек ете алары сөзсіз.

– Орталық жұмысының қызығы да, шығымды да көп. Қызмет алушылардың әрқайсысымен тіл табыса келе туыс сияқты болып кетеміз. Қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Өмірдең тәңіліп, «Неге мен?»

баршылық.

Мекеме жанынан «Қоғамдық кеңес» құрылып, қызмет алушылардың қосымша қажеттіліктерін және ұсыныстарын ескеріп, оларды жүйелі түрде шешіп отыруға әрекеттер жасалуда.

Аталмыш ұжым осындай тынымсыз еңбектің арқасында талай марапаттарға да ие болды.

Берекелі істің басында білікті басшы тұратыны белгілі. Бұл орайда орталық директоры Балабек Жанбекұлы өз ісінің шебері, ұтқыр ойлы басшы деуге толық негіз бар. Саланың қыр-сырына қанық екені сөзсіз. Оның бойындағы ұйымдастырушылық, еңбексүйгіштік, көпшілік



Осындай күйге түсетіндей не жаздым?» – деп баз кешіп келетіндер көп. Сондай жандарды жылы сөзбен жұбатып, көмек қолын созымыз. Ақыл-кеңесімізді айтып отырамыз. Осылайша, бір-бірімізге жақын жанға айналдық. Кейде, тіпті жанұясы іздемейтін кісілер де болады. Олармен телефон арқылы байланысып, кездесу ұйымдастырамыз. Бұл жерді «үміт ұясы, үміт мекені» деп атайтындар да бар. Осындай қиындықтарға қарамастан өз мамандығымыз жақсы көреміз, – дейді ұжым мүшелері.

Орталық қызметкерлері мен қызмет алушыларының тынымсыз еңбегі жемісін беріп те келеді.

Ақиқатында мемлекет тарапынан қызмет алушыларға барлық жағдай жасалғанын баса айтқан жөн. Ас мәзірінде төрт мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылған. Жататын орындары жайлы әрі қолайлы. Жыл мезгіліне орай киім-кешекпен, гигиеналық заттармен ұдайы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар қызмет алушылардың денсаулығы күні-түні дәрігерлердің бақылауында болады.

Қызмет алушылар арасында он сауағынан өнері тамған жандар да жиі кездеседі. Оларды еңбекке баулитын арнайы шеберханалар жұмыс істейді. Бойындағы қабілеттерін шыңдау үшін түрлі үйірмелерге қатысып жүрген жандар да

қасиет ұжымды ұйыстырып, берекелі тірлік тінін тарқатуға септігін тигізуде. Мүмкіндігі шектеулі жандарға жайлы жағдай жасап, олардың мейірім құшағында болып, өздерін жайлы сезінуге үлкен үлес қосып отырған орталықтың алға қойған мақсаты да айқын.

Бұл жерде еңбек ететін жандар «әлеуметтік сала қызметкері» деп аталады. Бұл құрылымның қызметі қашан да сұранысқа ие. Әлеуметтік сала қызметкерлерінің арқасында тіршілік тынысы тарылып, өмірлік қиын жағдайға душар болған қамқөніл жандар өмірге бейімделіп, еңсе тіктейді. Өмірге өкпелі, айналасынан жәрдем күтетін азаматтардың қайғысы мен қиындығын солармен бірдей бөлісіп, енсеруге бірге атсалысатын сала қызметкерлері қандай құрметке де лайық!

Дариха ҰМБЕТИЯРОВА,
журналист

Тәуелсіздік – елдігіміздің айғағы,

КҮНДЫЛЫҚ

ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҚ БЕЙНЕСІ

Этносаралық қатынастар жаңа Қазақстанның іргетасындағы маңызды да мықты кірпіш іспеттес. Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастар – егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін пайда болған жаңа әлеуметтік-саяси ақиқат. Қазақстандағы этносаралық қатынастар онда тұрып жатқан барлық халықтардың қоғамдық қызметінің түрлі салаларындағы сан түрлі өзара байланыстары мен қарым-қатынастарының тізбегі. Ол біртұтас органикалық жүйе ретінде қызмет атқаратын құнды тәжірибе көрсетіп отыр.



Асқарбек СЕЙІТХАНОВ,
өңірлік ассамблея төрағасының
қоғамдық орынбасары,
облыстық ҚХА Ақсақалдар
кеңесінің төрағасы

Кез келген ел өзінің тағдыр-талайында біртұтас бола білудің жауапкершілігін көрсеткен кезеңі ондағы ұлттар мен ұлыстардың үлкен жауапкершілігін көрсетсе керек. Біздің бақытымыз да сол – Қазақстан аз уақыттың ішінде әлемдік

қоғамдастықтың алдыңғы қатарлы көшіне қосылды.

Этносаралық қатынастардың басты тақырыбының маңыздылығы – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «Біз ұлтына және сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз».

Қазақстанның ұлттық саясаты барлық этностардың экономикалық және кешенді дамуын, бейбітшілік пен келісімді, этностар арасындағы достық пен бірлікті, өзара көмекті ескере отырып дамуға. Халықтар достығы – қазақ халқының көңілінің дарханлығы, кеңдігі, пейілінің молдығы арқасында этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі этностардың татулығына арқау болып отыр.

Осы тұста Қазақстан халқы Ассамблеясының рөліне тоқталған

жөн. Аталған этносаралық келісімнің тұрақтылығына ҚХА-ның үлесі зор. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауларындағы Қазақстан халқы Ассамблеясына қатысты айтқан өте ауқымды бастамалары мен ұсыныстары, маңызды тапсырмалары дәлел. Бұл бастамалар мен тапсырмалар еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын едәуір өзгертуге зорықпал етті.

Тәуелсіздік жылдарында небір қиындықтан аман-есен өтіп, сын-қатердің бәрін еңсере келе осы күнге жеттік. Енді елімізді түбегейлі жаңғырту жолындамыз. Бұл кезең алмағайып уақытқа тұспа-тұс келіп отыр. Қазіргі халықаралық ахуал Қазақстанға да әсер ететіні анық. Бірақ, заман қаншалықты күрделі болса да, біз тура бағытымыз бен бағдарымыздан айнымадық. Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басып

келеміз. Осы жолда жұртымызға, ең әуелі ауызбіршілік керек. Ақыл мен сабыр, парасат пен ұстамдылық қажет. Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз.

Тәуелсіздік күні мерекеміздің қарсаңында айтарым – отаншылдық рухы жоғары ел қалайда көздеген мақсатына жетеді. Біздің мұратымыз – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру болса, Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеніне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған кезекті бір Жолдауында: «Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген

жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз. Мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады. Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын!» – деп баса айтқан болатын. Осы мақсатқа жету үшін әрбір адам және бүкіл қоғам, ұлттық құндылықтарымыз түбегейлі жанаруға тиіс. Ол үшін бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді. Сондықтан бір кісідей бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Тәуелсіз Қазақстанды осынау бейбіт қалпында сақтап қалуға атсалысып жүрейік, отандастар! Біз халықтың қолдауымен баға жетпес тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

БЕЗБЕН

«ЖЕЛТОҚСАН, 86» БІР КҮН ҒАНА БАС СҰҒАТЫН ОРТАЛЫҚ ПА?

Желтоқсан айы жеткенде жанымыз жаурап, жүрегіміздің жылайтыны жасырын емес. Кеңестік кезеңнің құрсауында ғұмыр кешкен қазақтың жаужүрек перзенттері 1986 жылы қытымыр қыстың алғашқы айында алаңнан табылды.

Алматыда болған бас көтерудің басты себебі Қазақстанның сол кездегі басшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнынан алынып, билікке Колбиннің келуі еді. «Өр халыққа – өз көсемі», «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін!» деп ұрандаған жастардың үнімен дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы қазақтың сан ғасыр бойғы еркін, азат ел болуға ұмтылған ұлы күресінің шешуші сәті десек те болады.

Тарих толқынында қайсар ұл-қыздарымыздың ерлігін ұлықтау, келешек ұрпаққа дәріптеу мақсатында шаһар төрінде 2018 жылдың қазан айында «Желтоқсан, 86» орталығы ашылған болатын. Аталған ғимарат жұмысын бастағанда әулиеаталық ағайын айрықша қуанған еді. Себебі мұндай орталық Қазақстан бойынша жалғыз Жамбыл облысында ғана бар.

Сол уақытта ғимараттың бөлмелерімен таныстыратын гид маман да белгіленген. Ол кезде бұл ғимарат облыстық тарихи-өлкетану музейінің қарамағына уақытша берілген болатын. Мекемеде жүректі езілген сол оқиғадан ақпар беретін түрлі деректер, тарихи фотолар, желтоқсаншылардан алынған жәдігерлер, құжаттар мен хаттар, кітаптар жиналған еді. Сонымен қатар сол уақытта орталықта Халық қаһарманы, Семей түрмесінде белгісіз жағдайда ажал құшқан жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтің өзі қолданған заттары, киімдері, мектеп формасы, абақтыдан үйіне жолдаған хаттарының көшірмесі орналастырылған. Бөлмеге бас құққан әрбір адам бұл жерден Қайраттың рухын, болмысын терең сезініп, жазықсыз құрбан болған, маңдайға сыймай кеткен перзентіміздің ерен ерлігіне бас иіп, сонау сұрапыл шаққа сапар шегетін еді... Желтоқсан қарлығаштарына арналған ғимараттың алдына қаһарманымыз Қайрат Рысқұлбековтың еңселі ескерткіші бой көтерген.

Желтоқсан айы туғанда тағдырлы тарихымызға бойлап, аруақтардың рухына тағзым ету үшін осы орталыққа арнайы ат басын бұрған едік. «Желтоқсан, 86» орталығына жақындағанымда тас мүсінге тіл бітіп: «Мен алаңға Қонаевты да, басқаны да қорғауға емес, қазақ қыздарын шашынан сүйреп, ұрып жатыр деген соң бардым», – деген жалынды, рухты сөзін айтып келе жатқандай айбатты көрінеді. Ескерткіштен имене өтіп, орталыққа бас сұққанымда сол жылдары Алматы сәулет және құрылыс институтына оқуға барып, аязды күндері алаңда болған, бүгінде жамбылдық «Желтоқсан ұшқыны» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Кеншібеков ағамызды жолықтырдым. «Құлақпен естігенге емес, көзбен көргенге сен» дегендей, алаңда болған ағамызды әңгімеге тарттым.

– Желтоқсанның 16-сы күні әпкемің үйіне келіп, қараңғы түсе



№32 бағытындағы қоғамдық көлікпен кері қайттық. Бұрындары Желтоқсан көшесімен Абай даңғылына өтіп, одан жоғары көтеріліп алаң арқылы Тимирязев көшесіне көтерілетін көлік бұл жолы төмен бұрылып, Құрманғазы көшесінен өтіп тоқтады. Автобустың екі есігі ашылғаны сол еді, бір топ қазақ жігіті ішке еніп, «Ұлты қазақтар сыртқа шығындар!» деді. Шыны керек, ол кезде не жағдай болып жатқанын түсініп болмадық. Сол жігіттермен ілесіп, орталық алаңға келдік.

Мұнда жиналғандардың да дені – жастар. Бір кезде көпшіліктің ортасында жүрген кейуананы көзім шалды. «Айналайындар, ешқандай шу шығармаңдар! Біздің мұнда не үшін жүргенімізді Үкіметке жеткізейік...» – деді түбіт орамалы нығына ысырылған ана.

Келесі күні орыс тілі сабағына баратын қазақ тобы аудиторияда отырғанымызда алдындағы дәрісті өткен Ізтілеуова деген анай кіріп келді. Ол кісі кіре сала: «Сендерде намыс бар ма? Өздеріңдей жастар қазір алаңда жүр. Бүгін орыс тілі болмайды. Орыны мен сабақ өтуім керек. Бірақ мен бұл сабақты өтпеймін. Алаңға барындар!» – деді. Бұл сөз онсыз да қаны қызып отырған жастарға ұран болды...

Алаңға түске таман келдік. Сағат бестерге қарай алаңда алғашқы толқу басталды. Абай мен Желтоқсан (Мир) көшесінің қиылысында ромб тектес ескерткіш болатын. Сол ескерткіш біраз адамға трибуна болды ғой. Сол маңнан өтіп бара жатқанымызда Тұңғышбай Жаманқұлов ағамыз сөйлеп тұр екен. Үстінде қазақы шапан, басында бөрік, – деп ауыр күрсінген желтоқсаншы сөз арнасын орталықтың бүгінгі жай-күйіне бұрды. Оның айтуынша, бүгінде өңірде желтоқсан оқиғасына қатысты үш қоғамдық бірлестік бар екен.

– Қазір «Желтоқсан ұшқыны» атты қоғамдық бірлестігіміздің 73 мүшесі бар. Сәкен Мырзабеков пен Жәнісбек Қалмырзаев деген желтоқсаншылар – менің орынбасарларым. Ашылғанымызға

бір жыл енді толады. Біз ашылған күннен тыным тауып жатқан жоқпыз. Барлық ауданда филиалдарымыз бар. Ал бұл орталық алғаш ашылған жылдары облыстық тарихи-өлкетану музейінің қарамағында болса, соңғы уақытта оның ешқандай мекеменің теңгеріміне алынбай, желтоқсаншылардың да басты мәселесіне айналған еді.

Биыл 11 сәуір күні осы орталыққа Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков келді. Үш қоғамдық бірлестік төрағасы да қатыстық. Шаһар басшысы үш қоғамдық бірлестікке қажетті бөлмелерді тең бөліп беру керегін, ол бұрыштарды желтоқсаншылар өз қаражатына әрлеп, жөндейтінін, осы ғимараттың бір жағына қалалық «Жастар ресурстық орталығының» бір бөлімін ежелетінін айтты. Жастар отыратын үлкен залға ұзын үстел, орындықтар әперуге уәде етті. Барлығына келістік.

Әкімге көп рақмет, уәдесінде тұрды. «Ауада» тұрған орталық «Жасыл ел-Тараз» ЖШС-нің қарамағына алынды. Біз де қарап жатпай бөлмелерді әрлеу жұмысын бастап кеттік. Осы ғимаратқа Қайрат Рысқұлбековке арналған зал бар. Сол залға Қайрат Рысқұлбековтің бауырларынан сұрап, бірнеше жәдігер әкеліп едік. Оның барлығы облыстық музейге өтіп кетті. Оның ішінде өзімің шарбағымның түбінде жасырын көміліп, 32 жыл сақталып келген үш метрлік лозунг бар еді. Ол да музейге өтіп кетті, өз затымды өзірге өзім қайтарып ала алмай отырмын, – деді Т.Кеншібеков.

Ағымыздың сөзінен кейін байқадым, расында 2018 жылы ашылғанда көзге ортай басылатын көп жәдігердің орыны ойсырап бос тұр. Тек елеусіз ғана бұрышта ату жазасын 345 күн күткен батыр Мырзақұл Әбдіқұловтың алаңда киген киім-кешектері, ұстаған бұйымдары тұр екен.

Аты көп атала бермейтін арда азамат 1986 жылы 19 желтоқсан күні ұсталып, ешкіммен жолықтырмай, таңның атқаны, күннің батқаны білінейтін темір қапаста жатқан ол «Мені атыңдар

деп айғайлаумен күн өткізеді. Дегенмен КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы А.Громыконың бұйырығымен ату жазасы 20 жылға кешіктіріледі. Сотта прокурорға: «Мен ұлтымның ары мен намысы, қазақ қызының абыройын қорғаймын, егер ондай жағдай қайталанса тағы да өлтірер едім», – деп қасқайып сөйлеген қайсар қазақ баласының суретіне қарап ұзақ тұрдым.

Арадағы үнсіздікті Талғат мырзаның: «Бізді желтоқсан айында ғана іздейді. Бізге желтоқсан оқиғасы тек 16 желтоқсан күні ғана айтылып, басқа кезде үнсіз қалғаны ұнамайды», – деген ренішті сөзі бұзды.

– Тіпті, желтоқсан оқиғасының ақпараттары әлі толық ашылған жоқ. Толық зерттелген жоқ. Сол жағы да жанымызға бағады. Оқиға екі күн ғана болды деп жүр. Желтоқсан батыры деп айтылып жүрген үш-төрт кісі ғана емес қой. Солардың барлығы түгел анықталатын уақыт жетті. Мәселен, Қайрат Рысқұлбековтің батырлығына дауымыз жоқ. Сол кезде тағы осы фотодағы Мырзақұл Әбдіқұлов ерекше ерлік көрсетті. Ату жазасына кесілгендердің ішінде тірі қалғаны әрі бүгінде ортамызда аман жүргені – осы ағамыз. Оған «Халық қаһарманы» атағы берілген жоқ, – деп кейіні Алматының аязында алаңда үш күн болып, ақыры оқудан шығып қалған ағамыз.

Біз әңгіме тиегін ағытып тұрғанда Тараз қалалық «Жастар ресурстық орталығының» бөлімі көшіп келіп, жүгеріні түсіріп жатты. Орайы келген сәтте аталған орталықтың директоры Абзал Есіркеповпен де сөйлестік.

– Жастар – еліміздің ертеңі, біз шаһардағы жастармен тығыз жұмыс істейтін болғандықтан, бұл орталыққа бас сұғатын жастардың қатары көбейетіні анық. Сондықтан біз алдағы күндері желтоқсаншы аға-әпкелерімізбен бірлесіп, желтоқсанға қатысты және басқа да патриоттық шараларды осы жерде өткізбекпіз, – деді Абзал Есенұлы.

Содан соң жоғарыда Талғат ағамыз сөз еткен Қайрат Рысқұлбековтің

бауырларынан сұрап әкелінген жәдігер, қара жер қойнында жасырын көміліп, 32 жыл сақталып келген үш метрлік лозунг туралы білмекке облыстық тарихи-өлкетану музейіне бардық. Бұл жайлы музей директоры Сейітжан Лиястың айтар уәжі бар екен.

– Әуелгі ашылған кезінде «Желтоқсан, 86» орталығы уақытша біздің қарамағымызда болды. Біз ол жерге арнайы маман бекіттік. Ол кезде жұмысы жақсы жүрді. Ал маған аталған жәдігерлерді Қайрат Рысқұлбековтің туған әпкесі өзі естелік ретінде сеніп тапсырды. Біз заңдылығымен тіркеп, қабылдап алдық. Енді ол зат – осы музейдің мүлкі. Оны еш жаққа бере алмаймыз. Лозунг іздегендер бұрын қайда қалды? Енді бәрі кеш. Ол заттар біздің музейде желтоқсан оқиғасына арналған бұрышта тұр. Ешқашан жоғалмайды, сақталады, – дейді ол.

Күніге бас сұға бермейтін болған соң музейді араладық. Тасын түртсең тарихи төгілетін Тараз топырағының, сонау сақ, ғұн, түрік қанаты, бертіңгі өңір өркениетінен сыр шертетін, сонымен бірге Әулиеатада туып, әлемге танылған тұлғаларымызға арналған жәдігерлердің қатарында Қайрат Рысқұлбеков ағамызға арналған бұрышы бар екен. Аталған музейдің бас қор сақтаушысы Айша Бегалиева: «Желтоқсан, 86» орталығы басқа мекемеге өтеді деген соң бұл жәдігерлер біздің музейге әкелінді. Бұл жерде талай танымал тұлғалардың тұттығын бұйымдары қойылған. Жалпы орталықтан келген жәдігерлер туралы айтатын болсам, бұл жерде тек батыр Қайрат Рысқұлбековтің заттары ғана тұр. Жалпы бізге келген өртүрлі жәдігерлерді өз заңдылығымен тіркейміз. Мемлекет меншігіне өткен жәдігерлер ешқашан жоғалмайды, оларға бір жауаптымыз. Орталықтан келген өзге заттар да бізде тұр. Оларды мемлекеттік есепке алған жоқпыз, тіркемедік. Сондықтан желтоқсаншылар бізге келіп ол заттарды алып кетуіне болады», – дейді Айша Ибадуллақызы.

Жылдар бойы киесі болса да иесі болмаған «Желтоқсан, 86» орталығы «Жасыл ел-Тараздың» қарамағына өткенін жамбылдық желтоқсаншылар қуана қабылдапты. Орталықтың барлық коммуналдық төлемдері – аталған еріктіестіктің еңесінде. Жалынды жастар мен алаңда болған желтоқсан қарлығаштары жұмысты жандандырса, орталықтың есігі жыл он екі ай ашық тұрады деп сенеміз. Желтоқсан оқиғасының ұлт тарихындағы орны онсыз да лайықты бағасын ала алмай отырған шақта мұнда келушілердің саны артатыны қуантады.

Ұлу жылында да жақында ұзатып саламыз. Жылқы аунап тұрғанша 2026 жылы желтоқсан оқиғасына 40 жыл толады екен. Талғат Кеншібеков ағамызбен әңгіменің сірге жиярында ол жалпы желтоқсаншылардың атынан тәуелсіздікке ұмтылған қазақ жастарының азаттық жолындағы күресіне «ұлт-азаттық көтеріліс» деген лайықты баға берілсе деген арман-тілегін жеткізді. Ол күнде алыс емес шығар...

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

Желбірейді азаттықтың байрағы

ЕЛ МЕН ЕГЕМЕНДІК



Мубарак ЖИНАҚБАЕВА,
Жамбыл облысы әкімдігі
ақпарат және қоғамдық даму
басқармасының «Қоғамдық
келісім» КММ басшысы, Достық
үйінің директоры

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтпен жүзеге асты. Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды пары санаймыз.

Тәуелсіздік бәрімізге зор міндеттер артты. Еңселі ел болудың игіліктері мен әлеуетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да – өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге этнос өкілдеріне де молынан жетеді. Тек қандай да бір игілікті іс бастамастан бұрын ақылға жүгініп, арзан ұранға ермей, ұшпа сезімге жол бермей, нық қадаммен алға жүрсек, еш адаспаймыз және елдің бірлігі мен ынтымағы, татулығы мен келісімі де мықты болмақ. Әсіресе, жастар салқындандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе – болашағымыз жарқын деген сөз.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде

ТҰҒЫРЫМЫЗ – ТЫНЫШТЫҚ, ТІРЕГІМІЗ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ТІЛЕГІМІЗ – ТАТУЛЫҚ

Тәуелсіздік – болашақ ұрпаққа берілген зор бақыт, халқымыздың мәңгілік құндылығы. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы қабылданды. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқаты көтеріліп, төл мәдениетіміз бен тағлымы мол тарихымызды, мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар атқарылды. Елімізде білім, ғылым, мәдениет, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Жаңарған мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

халықаралық аренаға шыққаны баршамазға белгілі. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ құрамына кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму қоғамдастығының, инвестицияға кепілдік беретін қопжақты агенттіктің, инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі де болды.

Осыдан отыз үш жыл бұрын «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданғаннан кейін халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене құлшаныспен кірісті. Елдің ішкі және сыртқы саясатын, жаңа, демократиялық қоғам құру ұстанымдарын дербес айқындап алды. Әлеуметтік-экономикалық күйреу мен дағдарысты бастан кешірген Қазақ мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркениетке өз үлесін қоса бастады.

Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар көп ғасырлық тарихымыздың қойнауында өткен заманның ешбір кезеңінде болмаған мүлде жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып, жарқын болашаққа айқара жол ашты. Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық этносаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік. Мемлекетіміздің ұлттық стратегиясы 1986 жылдан бастап этносаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Содан бері этносаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс істеп келеді. Бұл –

үлкен экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік проблемаларға өтудің кезіндегі кедергілерге қарамастан адамдар арасындағы бір-біріне деген сенімнің болғандығының жарқын көрінісі.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. Еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындағы анық айтылған.

Мемлекетіміздегі аса өзекті әрі басты мәселеміздің бірі болып саналатын тіл саясатын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап байыптылық таңыта жүргізіп келе жатырмыз. Дегенмен, бүкіл Қазақстан халқы қазақ тілінің осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі екенін саналы түрде түйсінге білуі керек. Себебі, бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа Отаны жоқ. Саясатымызда мемлекеттік тілге алдағы уақытта да басымдық тоқтатмайды. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат ұлттық тілді білуге міндетті деп санаймын. Тіпті, қазақстандық патриотизм бізді осыған жетелеуі қажет.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып бермек. Барлық қазақстандықтың тегіндігін қамтамасыз ету үшін әділетті принцип пен этносаралық татулық санасын қалыптастыру өте маңызды. Қазақстанда бірінші қазақ халқының түпкілікті ұлттық мүдделері дұрыс шешілгенде ғана этностар мен этностық топтардың дамуына жол салынады және біздің бүгінге дейін әрбір азамат «Қазақстан – менің Отаным, менің елім» деген ұранның маңайына топтасуы керек деп келеміз.

Тәуелсіз даму кезеңінде этносаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты. Осы тұрғыда Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше рөлі туралы айтпай кетуге болмайды. Ол шын мәнінде 33 жылдан бері өзінің басты міндеті – этносаралық қатынастарды үйлестіру үшін барлық этностық топтардың мүддесін сәйкестендіретін қызметті жүзеге асырып келе жатқан құрылым саналады. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының беделі айтарлықтай жоғарылап, конституциялық ұйымға айналды. Парламентке өз өкілін жіберуге мүмкіндік алды. Сондықтан этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі халықаралық қоғамдастықтың тарапынан жоғары бағаланатыны таңғаларлық нәрсе емес. Бұған қоса, негізгі деректер мен дәйектердің арқасында еліміздің этносаралық және дінаралық келісім тәжірибесі болғаны да баршаңызға аян. Халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік саясатың нәтижесінде бізге өткен жылдар бедеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде этносаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді. Бұл біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз боп шешіліп тұрақтанды. Тек осы бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қоя аламыз.

Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарынан орын алу үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Бай-қуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізетін сөзсіз.

Тағы бір айта кететін жағдай –

табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бас тамашы болды. Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Мемлекет басшысы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып, халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір біз іргелі, тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық.

Тарихты дәріптеп отырған тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, қазақстандық бірлесіп, этносаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кестістік саясаттан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға да ірі реформалар жүргізді. Қазагі идеологиямыз бен сындарлы саясатымыздың арқасында Қазақстанның позитивті халқының жұлдызы жоғары болатынына толық сенімдеміз.

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз, осыны мөңгі есте сақтанамыз абзал.

ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ

Алғаш Түгелбай ағаның атын 1992 жылы Қоңырат қаласындағы (Қарақалпақстан) №83 теміржол мектебінде мұғалім боп жүргенімде әріптесім Қоңыратбай Исламовтан естідім. Ол кісі маған біздің Қоңырат қаласының Адай ауылынан Түгелбай деген ағаның Алматыдағы 1986 жылы болған желтоқсан оқиғасына қатысып, сотталып кеткенін, оның жақында ғана түрмеден шығып келгені туралы айтты. Сол әңгімені үйде дастархан басында сөз етіп едім, әкем: «Ол – сенің үйлену тойыңа келген, өзіңнің атаңмен аттас Турман атаңның баласы ғой», – деді.

Желтоқсан оқиғасының болғанын мен 1986 жылы Омбы қаласындағы алты айлық әскери дайындықтан өтіп, сержант боп жүргенімде теледидардан көрдім. Ол – желтоқсанның он жетісі күнгі боранды, ызғарлы, қақаған суық түні болатын. Біздің рота сол күні гарнизонның кезекті карауылдық нарядына түскен едік. Сол түні карауылдардың постағы орындарын ауыстырып, солдаттарды бекітілген постарына орналастырып, карауылханаға келсем, мені карауыл бастығы мен оның көмекшісі автоматтымыз тапсырып, қазармаға алып келді. Қазарманың алдында оталып тұрған теңтелген әскери машинаның үстінде бүрісіп отырған солдаттарға көзім түсті. Қазарқар екен. «Не бола қалды», – деп едім: «Қазармаға көтеріле бер. Не болғанын сол жерден естисін», – деген біреуінің дауысын ғана құлағым шалып, жоғары қабатқа қарай бет алдым. Қазармаға кіріп келсем, солдаттардың бәрі ояу, орындықтарында қаз-қатар отырып, жоғарыдағы теледидардан көздерін алмай қарап отыр екен. Көк жәшікке қарасам, ақ жаулықты апаның екі қолын жоғары көтеріп, бір нәрселерді айқайлап айтып жатқанын, тағы бір жерінде қазақтарға ұқсайтын топырлаған кыз-жігіттерді, қолдарында қалқаны мен қарулары бар солдаттарды, су шашып жүрген машиналарды көрсетіп қояды. Командирдің саяси істер жөніндегі

АТУ ЖАЗАСЫНАН АМАН ҚАЛҒАН ТҮГЕЛБАЙ

Желтоқсан оқиғасы кезінде алаңға шыққан жастардың тілегі бостандық, ұлттық мүде жолындағы күрес болатын. Бірақ олар талаптарының ескерусіз қалып, өздерінің аяусыз соққыға жығылатынын, тіпті ату жазасына кесіліп, тас түрмеге тоғытылатынын білген жоқ. Ұлты үшін алаңға атойлап шыққан азаматтардың бірі – Түгелбай Тәшенов.



орынбасарынан Алматыдағы жастардың кеңес өкіметінің шешіміне қарсы көтеріліс жасап жатқаны туралы білдім. Маған сержанттар дайындайтын мектепте қалмайтындымыз айтты, сол жерде әскери билетім мен дайындап қойған киімдерімді қолыма ұстатып, төменде күтіп тұрған машинаға отыруымды бұйырды. Сөйтіп, қалған бір жарым жыл қызметімді Приморск өлкесінің Дальнереченск қаласында өткіздім.

Желтоқсан оқиғасының батыры Түгелбай Тәшеновті бір көріп, сұхбаттасу арман болып жүретін. Оның сәті осыдан он жыл бұрын түсті. 2014 жылы 22 шілде күні Алматы облысының Шамалған

бекетінде тұратын үйіне арнайы іздеп барып, таныстым.

Көп ашылып, желтоқсан туралы айта бермейді екен. Желтоқсанның ағамыз өз сөзінде: «Сол күндері көшеде ажал құшқан Савицкий дегенді марқұм Қайрат, Жамбыл, Қайыргали, мен өлтірген жоқпыз. Қайрат та, біздер де Савицкий өлген жерде төбелескеніміз жоқ. Мойнымызда адам қаны жоқ», – деп кесіп айтты.

Әңгімеден аңғарғаным, Халық хаһарманы Қайрат Рысқұлбеков пен Түгелбай Тәшеновке ату жазасын кесіп қойған екен.

– Ату жазасынан аман қалуыма Ұлттық қауіпсіздік комитетінің түрмесінде

тергеліп жатқанымда маған сол жерде қамауда жатқан үлкен адамдар заңды пайдалану туралы кейбір іс-әрекеттерді үйретіп, оқытып қойғаны көп пайда берді. Савицкийді өлтірген адамды көрсететін жалған куәні дайындап қойған екен. Камераға төрт адамды отырғызып қойды. Есік жағынан кіргендегі бірінші орындыққа мені отырғызыды. Сосын қалған үшеуін отырғызып, тергеуші сыртқа шығып кетті. Сол кезде мен төр жақта отырған төртінші адаммен орнымды ауыстырып отырып алдым. Сырттан кіріп келген куәгер есіктен кірген бойда бірінші отырған адамды көрсетіп, «Савицкийді өлтірген осы кісі» деп тұр. Меннен

тергеуші: «Неге орныңды өзгертесің?» – дегенде: заң жүзінде құқығым бар екен айтты, ситуациядан бір шықтым.

Екінші рет ату жазасынан аман қалуыма өзімнен бірге жұмыс істеген жігіттер себепші болды. Аманқос, Жолтай деген екі жігітке алдарына суреттерді жайып қойып, «Іштерінен сіздермен бірге төбелеске қатысқан жігіттерді көрсетіңдер», – дегенде екеуі де мені көрсетіпті. Мені негізі Савицкий өлген көшеде төбелескен деп айыптаған болатын. Сол екі жігіттің арқасында және Алланың қалауымен мен тағы да ату жазасынан аман қалып, он бес жылға сотталдым. Оның бес жылын отырып, елге келдім.

Менен де «Көп суреттердің ішінен кімдерді танысың?» деп сұраған. Ешкімді танымаймын деп жауап бердім. Бірақ ішінен өзімді көрдім. Басымда басып киіп алған топым болатын. Сол бас киіммен түсіп қалған суреттерімді көрдім. Кейін төбелес қызғанда сол бас киімім бір талға ілініп, қалып кеткен. Мені ұстаған суретте басымда бас киімім жоқ болатын. Сот барысында пәтерімнен «Қазақ ауылы» деген жобамды тауып алып, «Сен ұлтшылсың, осы көтерілісті ұйымдастырғандардың бірі болуың керек» деп те тергелгенім бар, – деді ағамыз.

Темір тордың ар жағында жатқан ағамызға сол жылдары сонау Франциядан Анжелика Дутта деген қыздан хат келіпті. Хатында ол қыз: «Сіздер – демократияның Қазақстандағы алғашқы қарлығаштарысыздар. Мен сіздермен біргемін, Қазақ жастарын қолдаймыз», – деп жазған екен. Сол хатты оқыған түрме бастығы «Сенің шетелмен байланысың бар» деп азаптаған екен. Түрмеден шыққан соң үйленген Түгелбай ағамыз екінші қызының есімін Анжелика қойыпты.

Әлімбай АМАНБАЙҰЛЫ,
облыстық тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері

ЕСТИМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

ӨЛЕМДЕГІ ЕН КІШКЕНТАЙ СӘБИЛЕР



Өмір сүруге асығып, жүктіліктің жетінші, сегізінші айларында дүниеге келген сәбилер жайлы көп естиміз. Алайда, жүктіліктің жиырма бірінші немесе жиырма екінші апталарында туылып, өлім аузынан аман қалған батыр бөбектерді біле бермейміз. Төменде шала туылып, бірақ өлмей қалған шақалақтар жайлы қызықты мәліметтерді ұсынып отырмыз.

Флорида штатының тұрғыны Соня Тейлор жүктілігінің жиырма екінші аптасында 284 граммдық Амалия есімді қыз баланы дүниеге әкелген. Сәби 2006 жылдың 24 қазанында туылған. Оның бойы 24,13 сантиметрді құрады. Амалияның анасы оны көтермес бұрын бірнеше жылдар бойы бедеулікпен күрескен. Жүктіліктің тоғызыншы айында көптен күткен сәбиіне өмір сыйлауды жоспарлаған. Тіпті дәрігерлер де босанатын уақытты кейінге шегеруге ұмтылған. Алайда, Амалия жарық дүниені көруге асығып, мерзімінен бұрын туылған. Өміріндегі алғашқы жарты жылдай уақытын инкубаторда өткізген. Бүгінде Амалияның денсаулығы жақсы. 1987 жылдың 20 мамырында Канадада дүниеге 624 граммдық Джеймс Джилл есімді ер бала келді. Сәбидің анасы Бренда ауруханаға өте нашар халде түскен. Дәрігерлер оған баланың жетілмегенін, оның аман қалмайтынын бірден ескерткен. Алайда қолдарынан келгенше бала өмірі үшін күресіп, сәбиді өкпе желдетуші аппаратқа жалғап аман алып қалған. Бүгінде шақалақ денсаулығы мықты азаматтардың бірі.

2010 жылдың 7 қарашасында дүниеге ерте келген шақалақтардың тізімі тағы да бір сәбімен толықты. Жүктіліктің 21 аптасында туылған Фрида Мангольдтың салмағы 450 грамм, ал бойы 27,94 см болған. Негізі, 33 жастағы ана егіздерді туған. Алайда, алты аптадан соң қыздың егізінің, яғни Киллиан есімді ұл баланың жүрегі, ішектері қатты ауырған. Сөйтіп сәби шетінеп кеткен. Фридань ата-анасы ауруханадан шығарғанда мекеменің бас дәрігері сәбидің денсаулығы жақсы екенін мәлімдеген. Және Фриданың оқиғасын «медициналық гажайып дүние» деп атаған.

Өлемдегі ең кішкентай сәбилердің бірі Эмилия Грабарчик 2016 жылы Батыс Германияда, Виттенде дүниеге келген. Дәрігерлер оны аман қалмайды деп ойлаған. Ауруханада «кішкентай сарбаз» деген атты иеленген ол, бүгінгі күні басқа балалардан қалыспай жақсы өмір сүруде. Сәбидің анасы жүктіліктің 26 аптасында дәрігермен кеңесіп, кесарь отасын жасау туралы маңызды шешімді қабылдауға мәжбүр болған. Дәрігерлердің сөзінше, егер ол отаны жасатпағанда сәби жатырда қажетті қоректің жетіспеуінен шетінеп кететін еді. Әдетте жүктіліктің 26 аптасында жатырдағы баланың салмағы 566 грамды құрайды. Алайда, қоректің жетіспеуінен Эмилияның салмағы бар болғаны 226 грамм болған.

2004 жылдың 19 қыркүйегінде Лойол университетінің медициналық орталығында, Иллинойс штатында салмағы 244 граммдық Румаиса Рахман есімді ару дүниеге келді. Оның егізі Хибаның салмағы 563 грамды құраған. Румаиса кесарь отасы арқылы туылған. Қыздың анасының қан қысымы көтеріліп кеткендіктен, дәрігерлер сәбиді құтқарып қалу үшін отаны жасауға мәжбүр болған. Сәби дүниеге келгеннен кейін дәрігерлер оны бірден өкпе желдетуші аппаратқа жалғаған. Ауруханада өткізген үш айдың ішінде Румаиса 1,18 кг, ал оның сынары Хиба 2,25 кг жинаған. 10 апталық кезеңдерінде олар ешбір қиындықсыз сүтті бөтелкемен іше бастады. Бүгінгі күні физикалық даму жағынан салыстырғанда Румаиса қатарластарынан озып кеткен. 5 жаста оның салмағы 15 килограмды, ал бойы бір метрді құрады.

Мелинда Стар Гвидо 2011 жылдың 30 тамызында, Лос-Анджелестегі медициналық орталықта туылған. Басында оның салмағы 270 грамм ғана болған. Сосын ол ауруханада 5 ай өткізгеннен кейін, оны 2,05 келіге дейін көтерген. Натан Сиберрас жүктіліктің жиырма төртінші аптасында, 2008 жылдың жазында, Ұлыбританияда туылды. Дәрігерлер баланың аман қалатынына күмән келтірген. Бірақ сәби алақанға сыйып кететіндей кішкентай ғана болса да, ешқандай аппаратсыз, өздігімен демалуы білген. Тәбеті де керемет болған, салмақты тез жинаған. Бүгінгі күні баланың денсаулығы жақсы.

Уиллоу Людден-Брукс 2009 жылы жүктіліктің 23 аптасында туылған. Жүктіліктің 23 аптасында қыздың анасының жатырында инфекция басталып кеткен. Сөйтіп ол мерзімінен бұрын босануға мәжбүр болған. Дәрігерлер баланың толғақ кезінде шетінеп кететініне сенімді еді. Бірақ сәби жарық дүниеге келген сәтте, терең тыныс алып, жылай бастаған. Қазір оның денсаулығы жақсы.

САҚАЛДЫ ҚЫРҒЫЗ ӘЙЕЛ



Қырғызстанның Ыстықкөл ауданы Темировка ауылында 30 жылдан бері сақал өсіріп келе жатқан 68 жастағы әжей тұрады. Бурулуш Тойгонбаеваны күйеуінің туыстары «сақалхан жеңге» деп атап кеткен көрінеді. Әйелде сақал 34 жасынан өсе бастады. Уақыт өте

келе мұрт та пайда болыпты. Әйелдің өзі: «Бетімдегі түк төртінші балама босанғаннан кейін шыға бастады. Алғашында түк өсе бастағанда мен оны жұлып тастап отырдым. Бірақ одан кейін жағдай тіпті ұшығып кетті. Сондықтан сақал өсіріп жүргеніме отыз жыл болды. Алғаш көрген адамдар таңғалып, маған тесіліп қарайтын. Бірақ қазір бұған елдің де, өзімнің де етім үйреніп кетті», – дейді. Бурулуш Ыстықкөл ауданының Қожояр ауылында туылып, өскен, ал тұрмысқа Темировка ауылына шыққан. Бір үйлену тойда үлкен құдағиының біреуі Бурулуш әжейді шақырып алып: «Құдайдың берген сұлулығын жұлудың қажеті жоқ», – деп айтқан екен. Содан бері ол сақалына тиіспепті. Зейнеткердің балаларының бәрі қайтыс болыпты. Қазір әжей жеті немересін бағып отыр. Бурулуш Тойгонбаеваның денесінде түк өсуі «гирсутизм» ауруының салдарынан көрінеді. Ол эндокриндік жүйенің бұзылуынан, сонымен қатар бала көтерпейтін дәрі немесе тыныштандыратын дәріні көп мөлшерде қолдану салдарынан пайда болуы мүмкін деседі. Аталған дерт әйел адамның ағзасында ер адамдарға тән гормондарының мөлшері артқан кезде қозады екен.

ЗЕЙНЕТКЕР ШАТАСЫП МОЛ ҚАРАЖАТ ҰТЫП АЛДЫ



АҚШ-тың Мэриленд штатының 70 жасар тұрғыны 20 жыл бойы 2-4-7-12-31 сандарын пайдаланып лотерея ойнап келіпті. Алайда, соңғы рет зейнеткер лотереяны толтыру кезінде шатасып, 12 санның орнына 11 деп жазады. Бұл қателіктің арқасында ол 50015 доллар ұтып алған. Оның айтуынша, 2 мен 7 сандары оның өз туған күнімен, 4 саны – үйленген күнімен байланысты. Алайда, не себепті 12 мен 31 сандарын таңдағаны есінде жоқ. Ол ұтысты лотерея билетін үйінің жанындағы өзі үнемі кіріп содан кофе сатып алып жүретін азық-түлік дүкенінен сатып алған екен. Ұтысқа кенелген зейнеткер әйелімен ақылдаса келе, әлгі соманың жартысын жөндеу жұмыстарына, қалған жартысын үш немерелері арасында бөледі жөн санапты. Мұндай да қызық болады екен-ау, ә?!

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР АЛТЫ ЖАСТА



«Таиландта алты жасар егіздер ерлі-зайыпты атанды. Оларды көшеде салтанатты рәсім ұйымдастырып, «қалың мал» төлеп, дәстүрлі ойындар ұйымдастырып үйлендірген. Бірақ бұл неке егіздерді заң жүзінде байланыстырмайды, ерлі-зайыптылар міндетін орындауға мәжбүрлемейді», – деп хабарланды. Балалардың ата-анасының айтуынша, олар өскенде өздеріне жұп таба алады. Керісінше, осы той балалардың болашақ бақыты үшін ұйымдастырылған. Тайлық ежелгі наным бойынша, түрлі жынысты егіздер өткен өмірлерінде қосыла алмаған «ғашықтар» екен. Оларды сол «қарғыстан» босату үшін осы шара ұйымдастырылған көрінеді. «Егіздерді үйлендіріп, бұрынғы өмірлеріндегі мәселелерді шешуіміз керек. Оларды үйлендірсек, олардың дені сау, әрі бақытты болады», – дейді егіздердің әкесі Аморнсан Санторн Малират.

ЖЫЛАНМЕН МАССАЖ ЖАСАЙТЫН АЗАМАТ



Жамбыл атты алматылық массаж жасаушы: «Денеге үйретілген жыланмен массаж жасау денсаулыққа өте пайдалы. Атап айтар болсақ, ол жүйке тозуының алдын алады, депрессияны, күйзелуді, қорқынышты, шаршауды басады. Релакция сансыз психологиялық дайындықтан басталады. Клиентке процедура қорқыныштан арылтатындығын, шаршағанды басындығын түсіндіреміз. Содан соң клиент бетін төменге қаратып жатады. Маман бірнеше жылдан бері жібереді. Сосын жыландардың арқа мен қолда жүргенін қадағалайды. Клиенттің мақсаты — массаждан демалу мен рахаттану. Массаж кезінде клиент өзін өте жайлы әрі жақсы сезінеді. Оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жылан массажы – денсаулыққа өте пайдалы. Аталған процедура жарты сағаттан бір жарым сағатқа дейін жалғасалды», – деп, өз клиенттеріне жылан арқылы жасалатын ерекше массаж турін ұсынып жүрген көрінеді. Бірақ, әлгі массажқа ағылып келіп жатқандар қарсы қалып деуге келмейтіні сынды. Сірә, ажалды пенделерді түсі қандай суық болса, іші де сондай суық жылан үйренгенінен жаңылып, «жыртқыштық» инстинктісі қозып кетуі мүмкіндігі ескендіретін сынайлы.

Ғаламтор материалдарынан дайындалды



ИНТЕРНАТТАҒЫ ЕЛЕС

Қыстың ызғарлы күндерінде мектептен шыға сала интернатқа асығатынбыз. Ойын баласымыз, кеш батысымен алыса-жұлыса кететінбіз. Тәрбиешілер қанша ескертіп, ұрсып жатса да айтқанды тындамай бір сәтке ғана басылып, апай кетісімен қайта бастайтынбыз. Өзім тыныштықты жаным сүйсе де, кей кезде осы шуыл басылмаса екен деп тілейтінмін, себебі бөлменде жалғыз қалып немесе түнде дәлізбен жүргенде қандай да бір артыңнан қарап тұрған көзқарас сезілетін.

Сағат таңғы бес. Бұл жолы асханада емес. бөлмеде болатынмын. Кітап оқып жатып көзім ілініп кетіпті. Бір уақытта бөлмедегі айғай-шудан оянып кеттім. Кім екен деп қарайын десем, аяқ-қолымда жан жоқ. Тегі бастырылып жатқан шығармым деп денемді қозғалтып, оянуға тырыстым. Біраздан кейін бөлмедегі шу сап тиылып, бөлмеге біреудің кіргені естілді. Әлгі адам менің төсегіме қарай жақындады, аяғының басқан дыбыстарын естіп жатырмын, бірақ қозғалып түрін көре алар емеспін. Бір кезде қадам баяулап, ақырындап келіп төсекке шықты. Барлығы анық естіледі, бірақ ештеңе көрінер емес. Еңбектеп суық қолдарымен арқамды ұстап, үстіме шықты. Осы кезде денемнен мұздай тер бұрқ ете қалды. Бастырылу күзінде барлығын сезесің, әрине, бірақ мұндайды алғаш көруім. Екі бетіммен жатырмын, көзімді де аша алмаймын. Арқамда әлгі адам біраз отырды, бір сәтке құлағыма тақап келді де арабша сөздер айта бастады, бұл мені одан әрі түршіктірді. Дауысын естіп жатып оның қыз екенін түсіндім. Құлағыма сыбырлап біраз сөйледі де, сықылықтаған күлкімен бөлмеден жүгіріп шығып кетті. Осы кезде денеме жан бітіп, әрең тыныстай ояндым.

Бірақ мұның қарапайым бастырылу емес екенін анық білдім, білгенмен де ешкім сенгісі келмейтін құбылысты басқаларға түсіндіріп, өтірікті айтқаным келмеді. Келесі түні тағы да айғайлаған дауыстар естілді, бұл жолы түсім шығар деп ұйықтай бердім. Ертесіне барлығымыз таңғы асқа жиналғанда балалар көрші бөлмедегі, менің қабырғамның

арғы жағында жататын ағай туралы айтып отыр екен. «Түндегі айғайы зәремді алды, шошығаннан не істерімізді білмей де қалдық» деді екінші ауысымдағы тәрбиеші. Сөйтсек, ол кісі де түнде бастырылғанын, бірақ оған ұқсамайтын басқаша құбылыс болғанын айтқан екен.

Бұл тылым бастырылу іспеттес құбылыстың бастамасы ғана еді. Себебі алдағы жеті күн бойы интернат оқушыларының түгелдей дерлігі осы күйде кешіп шықты. Бір күні кешке жасы үлкен тәрбиеші апайымыз барлығымызды асханаға жинап, бір әңгіме айтпақшы болды. Кешкі шайдың да уақыты жақындап қалған, бәріміз жұмыстарымызды тастай сала үйіліп отыра кеттік.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын, алғаш осы интернатқа орналасқан кезім, бірінші қабатпен көтерілетін сатыға қарама-қарсы бөлмеде жатқан болатынмын, сағат түнгі екі-үш шамасы. Астыңғы есікті ашқан күзетшінің үстіңгі қабатқа шығып келе жатқанынан оянып кеттім. Басымды көтере-көтерместен «Аға, сіз бе? Түнделетіп не істеп жүрсіз?» дей бергенімше болған жоқ үстіңгі қабатқа ақ көйлек киіп, шашын жайып жіберген қыздың көтеріліп келе жатқанын көрдім. Өңім бе, әлде түсім бе деп қарап жатырмын, мүмкін түс шығар деп жата бергенде әлгі қыз есіктен бері өтіп, бөлмеге кіріп келді. Ақырын қозғала төсегімнің бас жағына кеп, мұздай суық, өткір көздерімен маған тесіле қарап тұрды. Қорыққанымнан тұруға да шамам келмей, тілімді қолымағам келтіре беріпін. Бір сәтте әлгі қыз маған бір қарады да бөлмемен шығып, астына түсіп кетті. Есімді жинар-жинамастан атып тұрып не істерімді білмедім. Таң атқанша ұйықтамадым. Адамдардан сұрастырсақ, бұл интернатты салу барысында құрылысшылардың адам сүйегін тапқанын естідік. Сүйек қыз балаға тиесілі екен. Бәлкім, сол қыздың рухы бізге тыныштық бермеген шығар. Қорықпай, өздеріңді дұрыс ұстағандарың жөн, – деп әңгімесін аяқтады.

Берік СӨРСЕКОВ

«ЕТ АРАЛАС» ЖАҢБЫР



АҚШ-тың Кентукки штатында 1876 жылы табиғат тосын мінез көрсетіп, жеті қат көктен «ет аралас» жаңбыр жауды. Мұндай оқиға жергілікті тұрғындардың үрейін туғызғаны рас. Содан бұл жаққа экологтар мен ғалымдар тез арада келіп, зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Алайда олардың бірде-бірі аспаннан не себептен ет жағуының анықтай алмапты.

Араға он күн салып, оқиға орнына Трансильван университетінің профессоры Курт Гуде келіп жетті. Оның да түпкі ойы сол, табиғаттың тылым күшінің сырын ашу еді. Сөйтіп, профессор бірден іске кірісті. Ол ең алдымен шаттың экологиясына талдау жұмыстарын жүргізді. Бұдан соң Курт Гуде Кентуккидің манайын тексеріп, гриф атты құстардың өлі денелерін тауып алды. Содан соң профессор грифтердің неден қырылғанын анықтады. Профессор өз жазбасында: «1876 жылдың наурыз айында жауған «ет аралас» жаңбыр Кентукки штаты тұрғындарының танданысын тудырды. Тіпті, кейбірі табиғаттың мұндай тосын мінезіне тіксіне қарады. Мен бұл шатта 10 күн бойы зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Сонда аспаннан жауған «еттің» грифтердің аузынан түскенін анықтадым. Өйткені өлексемен қоректенетін аталмыш құстар ұшу процесін

жеңілдету үшін үнемі асқандарын тазартып, ішкен-жегендерін ауыз қуысының көмегімен шығарып отырады. Нәтижесінде осындай «ет аралас» жаңбыр жауады», – деген екен.

Бір қызығы сол, тұрғындар жеті қат көктен түскен еттің дәмін еш қорықпастан татып көріпті. Кейін мұндай эксперимент жасаған кентуккиліктер медициналық тексеруден өтіп, әрбір дәрігердің жеке қабылдауында болған екен. Мұндағы басты мақсат – адам ағзасын зиянды заттардан қорғау.

Сол жылы аталмыш шаттағы ауруханада жұмыс істеген Л.Кастенбайн есімді дәрігер «Louisville Medical News» журналына былай деп сұхбат беріпті: «Ет аралас» жаңбырдан дәм татқан штат тұрғындарының денсаулығын бір ай бойы бақылауда ұстадық. Сөйтіп, біз барлық пациенттің ағзаларын тексердік. Қуаныштысы сол, еш өзгеріс байқамадық».

Бүгінде 1876 жылы Кентукки штатында жауған «ет аралас» жаңбырдың құрамы әлі күнге дейін Трансильван университетінің базасында сақтаулы тұр. Шетелдік сарапшылардың пайымдауынша, бұл АҚШ-қа туристерді тартудың бір амалы болса керек.

Ажар САҒАТБЕКОВА

ЖЫР-ШАШУ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖЫРЛАЙДЫ ЕРКІН ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫ!

Қазақтың бағзы заманнан арман еткені – Тәуелсіздік. Бабалар аңсаған азат күнге арнап қалам тербеген ақындар аз болмаған. Бұл қатарда бейбіт күннің бесігінде тербеліп өскен жамбылдық жас жыр жампоздары да бар. Төменде назарларыңызға тараздық шайырлардың тәуелсіздік тақырыбындағы тұма жырларын ұсынамыз.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТУҒЫРЫМ



Бабалардың ұлы аманат, бөлішегі,
Қымбат нарқы, бағасы мен өлшемі.
Қазақ елі – бүгінгі күн танымал,
Тәуелсіз ел, дербес, азат, еңселі.

Тәуелсіздік жетті көптен аңсаған,
Жан мен қанын беріп батыр қаншама.
Қорғап қалды шаршамастан, талмастан,
Ұяқан құстың қос қанаты талса да.

Салтанатпен бүгін нұрын жайса күн,
Жоғалтумен талай боздақ, жайсаңын.
Желтоқсанда күресумен жан берді,
Күресумен қайсар қыз бен қайсар ұл.

Өткен күннен мұзды ызғар еседі,
Қиындықтар – тарихтар ғой кешегі.
Ата-баба аңсағаны өтелді,
Тәуелсіздік – айқын дәлел, есебі.

Тәуелсіздік – Тәңір құты түскен күн,
Тәуелсіздік – шын нишаны күшті елдің.
Тәуелсіздік – тұғыр, тірек қашанда,
Ол бар кезде күллі әлемде үстеммін!

Тәуелсіздік – қамсыз ұйықтар бөбегім,
Тәуелсіздік – шырқалатын өлеңім.
Тәуелсіздік – сұңғыла ой басымыз,
Халқым сыйлап, елім жақсы көретін.

Тәуелсіздік – қыран құсым самғаған,
Тәуелсіздік – таусылмайтын арман ән.
Тәуелсіздік – тәу ететін құндылық,
Үміттерді мақсаттарға жсалған.

Марал ХАНТӨРЕ,
республикалық
байқаулардың жеңімпазы

ОТАНЫМ



Ордасы боп талай-талай қағанның,
Зұлматын да көрген талай заманның.
Қазақ елі – атауы бағзы кезден,
Орын алған хақ төрінен ғаламның.

Ғасырлардан ғасырларға тоғысқан,
Шежіреміз мына біздің алыста.
Сақ, ғұндар мен Көк түріктер атауы,
О, адамзат, барлығыңа таныс па?

Шөгін кеткен аналардың жасынан,
Балбал болған бабалардың басына.
Дәуірлердің таңбаланған тарихы
Бұл жерлердің тамыр біткен тасына.

Қыраны ұшып емін-еркін көгінде,
Құрақ ұшып досы отырған төрінде,

Отаным деп оққа тосып кеудесін
Мың арысы өтіп кеткен өмірден.

Ақындар бар ауызы атқан жыр-жалын
Батырлары тұрғызатын бір дауыл.
Домбырасы шертіп халық қайғысын,
Қоңыр қобыз ескен әр кез мұң-зарын.

Туылғаннан естілген маған аты
Киелі өлкем – бабалар аманаты.
Тәуелсіз Республикам – Қазақстан
Тәуелсіз қазағымның қанаты.

Отаным, сенде шығар жарқ ете күн
Сенде жатыр таулардың қарт етегі.
Отаным, сені ардақтап, тағзым етіп,
Өле-өлгенше қорғауға ант етемін.

Әлімжан ШӨҢГЕРБАЕВ,
«Жыр жауһары» облыстық
поэтикалық дуэлінің бас жүлдегері

ДӘУІР ДЕМІ



Сарнап келіп қыл қобызын Қорқыттың,
Барлап көріп жүз жүректі толқыттым.
Шерді күйік шертіп шерлі домбырам,
Түсік тегін өзегімнен өр тұттым.

Ғазиз басым дар ғасырға тоғысқан,
Тоғысқаны тағдырыммен табысқан.
Егіз бұлақ – фәни, бақи қоштасып,
Қол бұлғапсып қапияда қалысқан...

Жасқа малып жанарымның жыртығын,
Өзекті өртер заманының шыртығын.
Мұңлығымды зарлығымнан жасырдым,
Күбі піскен көмейімнің жыр түбін.

Әулиелі елдің әулетінен аса алмай,
Ділісіз діннің... сәлжөбінен бас алмай.
Аманатқа күтіршілік қылмадым,
Қиянатты қиып түсер ғазалдай.

Ұлықтығы киік болған ұлыстың,
Тарих болып дақырттарын ұғыстым.
Атадан алтау тарыдай тарқап туысым,
Үдере көшіп, Арқадан әрі ығыстым.

Қарт Қаратау қойнауында сыр бүгін,
Қара күзде көк бұтағым көк бүрпін.
Назы бар найзағайдай қаһар төккен,
Көңілімде күлге айналған көп күдік.

Елдігім деп жар басымды тасқа ұрам,
Көмейімде көлдей тұнған тасқын ән.
Қарға тамыр қазағымды ендігі
Желеп-жөбер Жаратқанға тапысырам.

Нұрсұлтан РАХЫМБАЙ
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
«Aulicata-Media» ЖШС цифрлық контент
орталығының жетекші-редакторы

ТЕНДІК ҮНІ

Қанды жебе қадалған Тұран дала,
Соқтықпалы жолдары тұрған дара.
Даялаған жүректер мен тәуекелдің
Бүгінгі сарқынишағы – өзін ғана.

Қойнында жатыр білем көп қасірет,
Ғасырға сіңген үн бар «тоқташы» деп
Тендік үшін қан мен жас пора болған,
Жабысқанда жат елдің нұқтасы кеп.

Еске түссе езіліп, жылар ішің,
Ал еркіндік – бүгінде қуанышың.
Қаншама шейіт болған батырлар бар
Қазіргі қазағымның тұрағы үшін.



Қарғып өткен қаншама егестерден,
Болашағы байланысты белестермен
Алты Алаштың айбыны әлі де асқақ,
Жігері құм емес-ті белдескеннен.

Құндылығы санаған өр намысын,
Ізгілікпен астастырған тұнған ісін.
Кеудесінде қуанып ұрпағының
Дүниде «қазақ» боп тұғаны үшін.

Ғалия АБЫЛАЙ,
республикалық, облыстық жыр
мүшайраларының жеңімпазы

ҰЛЫ ДАЛА – БІЗГЕ АМАНАТ



Тәуелсіздік – қасиетті тұғырым,
Еркіндігім, елдік пенен теңдігім.
Азаттықты сүйген ердің қанымен,
Бағымызға бұйырды кең жер бүгін.

Тәуелсізбіз, әрбір таңым арайлы,
Қыран құсым көгімде еркін самайды.
Ұлы дала мәңгілікке мұра боп,
Ата-баба аманатын жалағайды.

Жасай берсін егемен ел, азат күн,
Мақтан тұтар ұрпақ үшін ғажап тым.
Болашағың, ұлы Отаным, бүйікте,
Тәуелсіздік – бақыты ғой қазақтың!

Туған елге арналады әніміз.
Тыныш елім, біз бақытты баламыз.
Болашақта жасқы оқып талтынып,
Туған елге бар үлесті қосамыз.

Балнұр АҚАНҚЫЗЫ,
Керімбай атындағы
№12 мектеп-гимназияның
5 «Г» сынып оқушысы



ҚҰТТЫҚТАУ



Әже – әулеттің киесі, ақылшысы, әр шаңы-
рақтың берекесін кіргізіп отырған асыл жан!
Дәл осындай алтын құрсақты асыл әжеміз 5
бала, 1 қыздан 26 немере, 13 шөбере сүйіп
отырған Қанымай Мүсінқызы 16 желтоқсан
күні 80 жасқа толады.

**Әжетайым,
асқар тауым, ақылшым!**

Ұрпағыңды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға
шоқтырмай, мейіріміңді төге жүріп күтіп-
баптап өсірген ұл-қыздарыңыз өркен жайып,
бүгінде бір-бір шаңырақ құрап, өсіп-өнді, қара
орманға айналды. Сол үшін ұрпақтарыңыз сізге
мәңгі қарыздар. Ұл-қыздарыңыз бен немере-
шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден
шуақ шашырап, қызығына тоймай жүре беріңіз!

Әже деген – ең ардақты ұлы есім,
Ұрпақтардың жүрегінде жүресің.
Асыл әжем, алтын әжем, ән әжем,
Мәңгілікке өшпек емес бұл есім.

Секілді ғой әже деген көкжие күн,
Мәңгі шуақ шашып тұрар көкжиеім.
Қанымай әжем, ортамызда жүр аман,
Тұңғышына қондыр бұлы сексеннің.

Тілашадайын руым елден таңаған,
Тілекті келін жолы да ашық, ақ адам.
Ошақтыңның сөңдірмеген ошағын,
Атамыздың қабдығына қараған.

Сылу болған, шұрақ болған жасынан,
Тілекті тұған өзіңіздей асылдан.
Сізге, әже, ұзақ ғұмыр тілейміз,
Базарбаевтар әулетінің атынан.

Ұрпағыңыз өсіп-өніп, көбейіп,
Көп шөбере-шөшекіңді көрейік.
Ортамызда аман-есен жүріңіз,
Сіздің ғасыр тойыңызға жетейік!

Құттықтаушылар:
Базарбаевтар әулеті



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың
орынбасары: Мұратхан ӘЛІМХАН
Жауапты хатшы: Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Тілшілер: Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ
Айнұра СЕЙДІЛДАЕВА
Дизайнер: Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ
Корректор: Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА

ММ БӨЛІМІ
Контент-редакторлар:
Гүлдана ЖҰМАДІЛ
Назерке ШАЙЗАДАЕВА
Байжан ЖОЛДЫБЕК
Бас видео-монтажер:
Азат БАЙТЕМІРОВ
Фото-видео монтажер:
Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті
көзқарасы емес. Колжазбалар әдеби тұрғыда өңделді және
авторға қайтарылмайды.
Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен
хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz»
газетінің материалдарын көшіріп басу үшін
редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тиражы: 12 467
Тапсырыс: 149

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін
және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке
қою туралы №КЗ87VPY00060446 куәлік 2022
жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605
Газет «ERNUR-MEDIA» ЖК-сында
басылды.
Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе,
мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 60 44 8 705 789 70 74